

ӘДІСЕКОВА Э. Т., БӘЙМШЕВА А. Ж.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР




ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ӘДІЛБЕКОВА Э.Т., БӘЙМШЕВА А.Ж.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ-
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ОҚУ ҚҰРАЛЫ



Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде қаралып (хаттама №4, 11.04.2014 жыл.) баспаға ұсынылған.

Пікір жазғандар:

Медетбекова Р.А. – физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент
Байдыбекова Е.І. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Ә25 Әділбекова Э.Т., Бәймішева А.Ж.

Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Оку құралы. – Шымкент, 2014 жыл - 112 бет.

ISBN 978-9965-20-238-4

«Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» атты оку құралында ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму тарихы, оны оку үдерісіне қолдану жолдары мен мүмкіндіктері, мультимедиа, ақпараттық және компьютерлік сауаттылық, ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта, оқытуға катысты педагогикалық технологиялар мен әдістер, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың білім беру үдерісінде колданылуы, интерактивті тәктамен жұмыс жасау жолдары және т.б. теориялық мәліметтер баяндалған.

Оку құралы оқытушыларға, информатика, ақпараттық жүйелер мамандығы студенттеріне, есептеу техникасы мен компьютердің мүмкіндіктерін өзбетінше оқып-үйренушілерге арналған.

УДК 378(075.8):002

ББК 32.81я7

Ә 25

ISBN 978-9965-20-238-4

© Э.Т.Әділбекова, А.Ж. Бәймішева, 2014

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз. Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар біздің елімізде де жоғары қарқынмен дамып келеді. Білім беруде жаңа технологиялық әдістермен қатар жаңа ақпараттық технологияларды да колданудың мүмкіндігі жасалып отыр» деген болатын. Бұл жас буынды жаңашылдықка жетелеу деген сөз. Жаңашылдық – білім жүйесіне инновациялық технологияларды енгізе отырып, студент пен оқушыны заман талабына сай етіп дайындал шығару болып табылатыны белгілі.

Ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресс жастарды өмір мен еңбекке дұрыс тәрбиелеу мақсатымен оларды оқыту мен тәрбиелеудің сапасын жан-жакты жақсарту қажеттігі қазіргі заманда дәлелдеуді талап етпейді.

Мектепте информатикадан білім беруді одан әрі жетілдіру, дамыту осы бағыттағы мақсаттардың бірі болып табылады. Оқушылардың информатикаға даярлығын жақсарту проблемасы, әсіресе қазіргі кезеңде барынша алуан түрлі ғылымдарға информатиканың жедел енүі өмір шындығына айналып отырған кезде ерекше артып отыр. Алайда, информатикаға оқушыларды мектепте оқыту мен тәрбиелеу ісін жетілдіру мұғалімдердің құзырындағы іс. Сондай-ақ болашақ информатик мұғалімдерді педагогикалық институттар мен университеттерде әдістемелік-математикалық, психология-педагогикалық және кәсіптік даярлауды жетілдірумен барынша тығыз байланысты.

Орта мектептердегі білім беру жүйесін компьютерлік технологияны қолдана отырып ақпараттандыру – Қазақстандағы білім саласының дамуындағы жаңа кезең деп қарастыруға болады. Өйткені, 2001 жылда мемлекеттік “Бастауыш және орта кәсіптік білімді информатикаландыру” бағдарламасы, “Қазақстан Республикасының Білім жүйесін информатикаландыру концепциясы”, “Интернет-мектептерге” ұжымаралық бағдарламасы және т.б. күжаттар күштеріне енді.

2002 жылдан бастап мультимедиалық кабинеттермен жабдықтау мәселесі қолға алынып, 2003 жылы еліміздің барлық мектептері мультимедиалық кабинетпен толық жабдықталды. 2005-2006 оқу жылы орта мектептерді интерактивті тәктамен қамтамасыз ету мәселесі шешілген еді. Техникалық шешімді үсті-үстіне қабылдай және жүзеге асыра отырып, компьютерлік бағдарламалық жабдықты жетілдіру жұмысы да біртінде қолға алына бастады. Осылайша, орта

мектептердегі білім беру үдерісіне компьютерлік технологияны және әлемдік ақпараттық кеңістікті қолдану процесі барынша жетілдіріліп келеді. Мектепте алғашқы сыныптардан бастап оқушыларға компьютерді пайдалануды үйретсе, онда негізгі және жоғары сыныптарда оқушылар ақпараттарды автоматты өндөу саласындағы компьютердің қолданысын түсініп, күрделі программалармен және программалық орталармен жұмыс істеуге мүмкіндігі артады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - білім беру бағдарламаларын менгеру үшін жағдайлар жасау керек» - деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондыктan кез келген білім беру саласында мультимедиалық электрондық оқыту құралдары бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі - бағдарламалық – техникалық кешен болып саналатын «белсенді экран» болып табылады.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы — оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу болып табылады.

Бұл оку құралында болашак мұғалімдердің кәсіби даярлығына жақетті теориялық мәліметтер, оқытуға катысты педагогикалық технологиялар мен әдістер, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың білім беру үдерісінде қолданылуы, интерактивті тәктамен жұмыс жасау жолдары қарастырылған.

1. Болашак мұғалімдерді кәсіпке дайындау

Коғамымыздың қазіргі даму каркыны елімізде бағытта салада түбекейлі өзгерістер енгізуді қажет етеді, ал бұл өзгерістерді енгізу мамандардың кәсіби даярлығының сапасының жоғары болуын талап етуде.

«Мамандық» деп адамнан жалпы және арнайы білім алу және практикалық жұмыс процесінде белгілі бір жалпы және арнайы білімді, біліктілікті және дағдыны қажет ететін оның еңбек іс-әрекетінің түрін немесе тегін түсінеміз.

«Кәсіп» деген ұғымға белгілі бір дайындықты қажет ететін және өмір сүру көзі болатын еңбектің түрі ретінде түсініктеме берілген. Ал кәсіби даярлық - белгілі бір кәсіп бойынша жемісті жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін арнайы білім, біліктілік және дағдының, сапалардың, еңбек тәжірибесінің және іс-әрекет нормаларының жынытығы ретінде түсіндіріледі.

Педагогикалық ғылымның басты міндеті - студенттерді кәсіби даярлау жүйесін жасау, оны жетілдіру құралдарын негіздеу.

Жоғары оку орнында мұғалімді кәсіби даярлау жүйесі қоғамдық-саяси, арнайы, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік дайындығын қамтиды.

Қоғамдық-саяси дайындық болашак мұғалімнің дүниетану әдіснамасымен, қоғамдық өмір құбылыстарымен, өмір шындығын тануға және түрлендіруге диалектикалық тұрғыдан қарауды қамтамасыз етеді.

«Мұғалім - әртүрлі типтегі жалпы білім беретін мектептерде оқушылармен оку және тәрбие жұмысын жүргізетін маман».

Мұғалім оқушыларды оқыту сапасына, олардың білім және тәрбие деңгейіне жауапты екендігі белгілі. Мұғалімнің жұмысы оның жеке тұлғасының негізгі сапаларының кәсіби іс-әрекетінің сипатына сай келген жағдайда ғана табысты болады. А.Н.Щербаков мұғалімнің іс-әрекеті жөнінде: «Кеңес мұғалімнің іс-әрекеті, ол қандай түрде болмасын, - ол өзінің психологиялық мазмұны жағынан адамнан жоғары идеялылықты, айқын кәсіби бағыттылықты, тиянақты білім мен орнықты ықыласты, балалықтың зандарын, оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен практикасын білуді талап ететін күрделі еңбек», - дейді. Осы сапалардың барлығы бірігіп біртұтас құрылым міндеттерін аткарады да, мұғалімнің тұлғасын сипаттайды.

Жоғары оку орнында оқыту мен тәрбиелеудің маңызды белгі - жалпы педагогикалық дайындық. Мұғалімнің жалпы педагогикалық дайындық проблемасы көп жағдайда функционалдық деңгейде қарастырылатынын байқадық. Яғни студенттерді әртүрлі бағыттағы

жұмыстардың (саяси-идеялық, адамгершілік, эстетикалық, окушылардың дene тәрбиесі) мазмұны мен әдіstemесін анықтауға және мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің белгілі бір түрін (окыту, тәрбие, қогамдық-педагогикалық, ұйымдастыру-басқару) колдануға арналғандығы; студенттердің жалпыпедагогикалық дайындығының жекелеген қураушыларының тиімділігін арттыруға арналғандығы. Жоғары оку орнында мұғалімді кәсіби даярлаудың ғылыми-әдіstemелік негіздері бойынша арнайы зерттелген жұмыстар әлі де жеткіліксіз деп айтуда болады.

Болашак мұғалімнің арнайы даярлығы - өз мамандығы бойынша терең және жан-жақты біліммен, біліктілікпен, мектепте оқытылатын өз пәннің мазмұны мен әдістерімен қарулану.

Студенттерді психологиялық-педагогикалық және әдіstemелік даярлау - оларға педагогиканың, психологияның, дербес әдіstemенің негіздерін игерту, мектептегі оку-тәrbie жұмысына даярлауды қамтамасыз ету.

Мұғалімді кәсіби даярлаудың барлық қураушыларының жиынтығы ортак мақсатты, яғни жан-жақты дамыған мұғалім тұлғасын қалыптастыруды көздейді. Олардың принциптері де ортак, бірімен бірі өзара байланысты және өзара тәуелді.

Мұғалімнің жалпыпедагогикалық даярлығы белгілі бір заңдылықтарға негізделген обьективті процесс.

Ол заңдылықтар:

- біріншіден, жалпыпедагогикалық даярлық жүйесінің қогамның әлсұметтік-экономикалық және рухани дамуымен, оның міndetтерімен байланыстылығы;
- екіншіден, жалпыпедагогикалық даярлықтың мазмұнының, түрлері мен әdіsterіnің педагогика ғылымы мен мектеп практикасының даму деңгейіне, педагогикалық іс-әрекеттің сипаты мен мазмұнына сәйкестігі;
- үшіншіден, жалпыпедагогикалық даярлық процесінде болашак мұғалімдерді оқытудың, тәrbieleудің және дамытудың біrlігі;
- төртіншіден, жоғары оку орны студенттерінің жалпыпедагогикалық даярлығының мақсаттарының, функцияларының, мазмұны мен әdіsterіnің өзара байланыстылығы.
- бесіншіден, жалпыпедагогикалық біlіm, bіlіktіlіk және дағды саласының студенттердің оку-тәnымдық, оку-тәjіribelіk және озіндік тәjіribelіk іs-әrекettterіn ұйымдастырудың мазмұнына, түріне және әdіsterіne тәueldіlіgі;
- алтыншыдан, жалпыпедагогикалық даярлықтың мазмұны мен әdіsterіnің студенттердің жеке ерекшеліктеріне тәueldіlіgі.

Мұғалімнің теориялық даярлығының мазмұны аналитикалық, прогностикалық, проективті және рефлексивті біlіktіlіgінен тұрады. Аналитикалық біlіktіlіk мынадай жеке біlіktіlіkтерден тұрады:

- педагогикалық құбылыстарды талдау, яғни оларды қураушы біlіktіlіkтерге бөлу (шарты, себептері, мотиві, құралдары, түрлері және т.б.);
- педагогикалық құбылыстың әrbiр элементінің баска элементтермен байланысын түсіну;
- педагогикалық теориядағы қарастырылып отырған құбылыска сәйкес келетін жағдайларды, корытындыларды, заңдылықтарды табу;
- педагогикалық құбылыска дұрыс диагноз қою;
- педагогикалық мәселелерді шешудің ұтымды тәsілдерін табу.

Прогностикалық біlіktіlіk мұғалімнен модельдеу, болжам қоя біlu, ой эксперименті және т.б. әdіsterі менгеруді талап етеді.

Проективті біlіktіlіk біlіm беру процесін жобалау барысында жүзеге асырылады.

Рефлексивті біlіktіlіk мұғалімнің бақылау-бағалау іs-әrекетімен байланысты.

Мұғалімнің кәsіbi біlіktіlіgі оның іs-әrекетіnің тиімді болуының теориялық және жалпы әdіsnамалық негізі болып табылады. Жоғарыда баяндалған біlіktіlіkten менгеру студенттерді жоғары оку орнында мұғалімдіk мамандыкка даярлауда басты міndetтердің біrі болып саналады. Мұғалімнің кәsіbi біlіgі оның практикалық қызметінде іске асырылады, сондыктan ол оның жалпыпедагогикалық, әdіstemеліk біlіktіlіgіmen, дағдысымен тығыз байланысты.

12 жылдық біlіm берудің басты мақсаты: Өзінің және қогамның мұддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өmіr сүруге бейім, бәsекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, біlіmdі тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Мұғаліm басты назарда ұстап, оку-тәrbie үдерісіндегі мақсат ретінде аныктайтын, ал өз кезегінде біlіm берудің күтіletіn нәтижелері белгіленген мақсатқа сәйкес болуы тиіs. Мұғаліm мектеп окушысының негізгі құзырлылығын қалыптастыруға бағытталған оку-тәrbie іs-әrекettterіn орындаиды. Ал мектеп окушысында қалыптасуы тиіs құзырлылықтар төмөндегіше анықталады:

1. **Құndылықты-бағдарлы құзыреттіlіk** — окушының қоршаған ортаны біrдей қабылдайтын қабіletі, жоғары әdепtіlіk. құndылықтар негізінде жасампаз қогам омірінде өзінің рөлін таба біlu біlіktіlіgі, азаматтылығы мен елжандылығы. Бұл құзыреттіlіk өmіrdегі түрлі жағдайларда шешім қабылдай біlu біlіgіn қамтамасыз етеді. Ең бастысы, өзінің Отаны Қазақстан патриоты болу, азаматтық,

белсенділігін көрсету, саяси жүйені түсіну, болып жатқан әлеуметтік жағдайларга бага бере білу.

2. **Мәдениеттанымдық құзыреттілік** — жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірлік мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білу. Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Өзі халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретін мәдени-демалыс қызметін тиімді үйымдастыру тәсілдерін игеру; рухани келісім мен толеранттылық идеяларына бейім болу.

3. **Оку-танымдық құзыреттілік** — окушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оку-танымдық процесін қамтамасыз ететін кешенді құзырлылық. Бұл құзырет өзінің білімділік қызметін үйымдастыра білуді, тиімді жоспарлай білуді, сәйкес функционалдық сауаттылық талаптары негізіндегі білімді игеруде әлемнің ғылыми бағытын түсінуге ізденушілік - зерттеушілік әрекет дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін өзінің әрекетіне талдау және қорытынды жасау тәсілдерін қарастырады.

4. **Коммуникативті құзыреттілік** — адамдармен өзара әрекет пен карым-катаинас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін колдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық катынаста шетел тілінде катынас дағдылары болуын қарастырады.

5. **Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік** — бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай білу, таңдай білу, өзгерте білу, сактай білу, білім мен ақпараттық ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялау білігі.

6. **Әлеуметтік-еңбек құзыреттілік** отбасылық, еңбек, экономикалық, саяси, қоғамдық катынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық тәжірибе мен білімге ие болуды білдіреді. Бұл құзырет әлеуметтік қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасай білуді, шешім қабылдай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мұдлесіне сәйкес ықпал ете білуді қарастырады.

7. **Тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілік** – бұл құзырет отбасылық, еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық катынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық қызмет білімі мен тәжірибесінің болуын білдіреді. Құзырет нақты әлеуметтік-қоғамдық

жағдайларға талдау жасай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда (өзінің мүмкіндігін нақты перспективалық жоспарлаумен салыстыра білу және қызметін өзіндік кадір-қасиет сезімімен үйымдастыра білу, өзінің өмірі мен ісіне жауапты карау) жеке және когам пайдасына сәйкес шешім қабылдауды және ықпал етуді қарастырады.

2. Болашақ информатик мұғалімінің кәсіптік даярлығы

Болашақ информатика пәні мұғалімі информатика ғылымының және пәннің ерекшеліктерін ескеріп окушыларды оқытуға және тәрбиелеуге дайын болуы керек; окушыларды әлеуметтендіруге, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға, болашақта кәсіби білім беру бағдарламасын менгеруге ықпалын тигізуғе; оқытудың әр түрлі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолдануға; мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес окушылардың дайындық деңгейін камтуға; өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттыруға, әдістемелік үйымдар қызметтеріне және әдістемелік жұмыстардың басқа түрлеріне катысуға дайын болуға, ата-аналармен қарым-катаинасты жүзеге асыруға, еңбекті корғауға, қауіпсіздендіру техникасының және өртке қарсы корғау ережелерін орындауға, білім беру үрдісінде окушылардың өмірін және денсаулығын корғауды қамтамасыздандыруға міндетті.

Болашақ информатика пәні мұғалімінің кәсіби қызметінің негізгі бағыттары: сынып ұжымын үйымдастыру; окушыларды оқыту, тәрбиелеу; ата-аналар қоғамымен байланысты орнату; білім беру концепциясының талаптарын жүзеге асыру; ғылыми-теориялық білімді және кәсіби біліктілікті арттыру; әртүрлі конференцияларға катысу; алдыңғы қатарлы педагогикалық және жеке тәжірибелі біріктіру; жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды үйрену және оқу үдерісіне енгізу, өз тәжірибесін тарату.

Информатика мұғалімінің кәсіби қызметінің мазмұны оқутәрбиелік үдерісті педагогикалық ғылым мен практика талабы деңгейінде үйымдастыру, информатиканы оқыту әдістемесін білу және менгеру, қазіргі заманғы бағдарламалау тілдерін және колданбалы бағдарламалар пакетін білу, ақпараттық жүйелерді жобалау құралдарын қолдана білу, әртүрлі қызмет салаларында математикалық модельді құру, құрылған математикалық модельді шеше білуі қажет. Сонымен қатар, болашақ информатика пәні мұғалімі компьютерді толық менгерген, математикалық модельдерді, әртүрлі бағдарламалау тілдерін, колданбалы бағдарламалар пакеттерін, олардың қызметтерінің тиімділігін тандалап, сабакта тиімді колдана білу дағдысын қалыптастыруы қажет.

Мазмұндық күрылым информатика мұғалімдері үшін келесі деңгейлер бойынша беріледі:

1.Іргелі – бұл акпараттық технологияның мүмкіндіктерін мамандық деңгейлеріне сәйкес шешуге мүмкіндік беретін білім мен біліктіліктерді және дағдыны қалыптастыру.

2.Базалық – оның мазмұны мұғалімнің акпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін өз қызметтеріне жан-жақты пайдалана білуімен анықталады.

3.Арнайы – бұл информатика пәнін оқытудың әдістемелік мәселелерін шешумен анықталады.

3. Мультимедиа және акпараттық мәдениет ұғымдары

3.1 Мультимедиа

Бұгінде акпараттық ортада «мультимедиа», «медиа-мәдениет» ұғымдары колданылуда. Бұл «мультимедиа» сөзі ағылшынның «media» және «multiple» немесе «multy» сөздерінен шықкан. «Медиа» – латынша құрал, тәсіл деп аударылса, ал кейде орта (ағылшынша) болады. «Multy» – жинақталған бірнеше біліктен тұратын (ағылшынша) немесе көп (латынша) деп аударылады. Қыскаша көптеген орталар дегенді білдіреді.

Мультимедиамен байланысан көптеген салалар, пәндер бар. Мысалы: компьютерлік салада сайт құру, гипермәтіндік жүйелер, компьютерлік графика, компьютерлік анимация, т.б. Ал акпарат алмасу құралдарында – журналистика, интернет – журналистика, сөздік және әлеуметтік коммуникация, т.б. Өнер саласында – желілік өнер, компьютерлік анимация, компьютерлік бейнемонтаж, дыбыс режиссерасы, т.б.

Мультимедиалық ресурстардың маңызды ерекшелігі оның күрылғыларының интерактивтілігі, яғни ресурстардың, программалардың, қызметтердің, мультимедиалық күрылғыны колдану арқылы адамдардың өзара әрекеттестікте болуы, өзара әсерлесуі белсенді түрде өтетіндігі. Мультимедиалық құралдар үнемі даму үстінде және мәдениетке, өнерге олардың дамуына өзіндік үлесін қосуда. Осыдан келіп «медиа-мәдениет» ұғымы пайда бола бастады. Сондықтан мультимедианың табигаты оны мәдени тұрғыдан карауды, ой елегінен еткізуді талап етеді.

3.2 Акпараттық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, медиасауаттылық.

Қазіргі кездегі қолданыска еніп кеткен акпараттық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, компьютерлік білімділік, акпараттық мәдениеттілік, медиасауаттылық ұғымдарына тоқталайык.

Көпшілік және арнайы әдебиеттерде «акпараттық сауаттылық» ұғымымен катар «компьютерлік сауаттылық», «медиасауаттылық» ұғымдары да колданыста. Бұл ұғымдар бір-біріне жақын болғанымен олардың өзара айырмашылдықтары көп.

Акпараттық сауаттылыққа нақты тапсырмаларды орындауға немесе алға қойылған мәселенің шешімін табуға қажет акпараттарды дұрыс таба білу талаптарын қанағаттандыратын білімдер мен біліктіліктердің болуы; акпараттарды тиімді іздеу; оларды сауатты жинақтау; табылған немесе жөлі арқылы алынған акпараттарды ой елегінен еткізіп талдау; алынған акпараттарды колданудың этикалық нормалары мен ережелерін ұстай отырып, акпараттардың нақтылығы мен сенімділігіне көз жеткізу; қажет жағдайда талдау нәтижелерін және өндөлген акпараттарды басқа адамдарға беру; акпараттарды қандай да бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға және нақты нәтижеге қол жеткізуге қолдану жатады.

Компьютерлік сауаттылыққа компьютермен жұмыс жасай алу жатады, яғни компьютерді дұрыс қосу, өшіру, пайдалану, ал компьютерлік білімділікке алдына қойылған мәселені шешуге қатысты компьютерді тиімді колдана білу, акпараттар легінен дұрысын таңдай алу, жаңа идеялар арқылы білімін жетілдіруге компьютерді колдана білу жатады.

Бұл тұста акпараттық сауаттылықтың компьютерлік сауаттылыққа қатысы болмауы да мүмкін, оның кең мағынаға ие скендігін айта кету керек. Акпараттық сауаттылық - әдебиеттермен, окулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен, т.б. көптеген акпарат көздерімен жұмыстар жасау, оларды өз мақсатына жету үшін тиімді колдану. Қазіргі кезде акпаратты сауатты болғысы келген адам компьютерлік сауаттылыққа ие болғысы келеді. Өйткені, оның Интернет желісі арқылы бүкіл адамзат жинақтаған акпараттарға қол жеткізу, пікір алмасу, өзін толғандырған сұрақты жөлі арқылы тарату, оған жауаптар алу, осы сұрақ төнірегінде пікірталастар үйімдастыру және т.б. көптеген акпараттар ағынымен жұмыс жасау мүмкіндігі бар.

Медиасауаттылық туралы талас ой пікірлер көп. Ол туралы ой 2003 жылы бірінші рет айтылған. Медиасауаттылық медиабілім берумен байланысты термин болғандықтан, кейбір зерттеулерде «Медиасауаттылық» - әртүрлі формадағы акпараттарды колдану,

талдау, бағалау және тарату» делінсе, кейбіреулер: «Аудиовизуальды және баспа түріндегі мәтіндердің мәдени тұрғыдағы мәнін түсіну, құрастыру және бағалай білу, адамдарға көмек беруге бағытталған көзғалыс» деп келтіреді. Бұл мәселелер жаңа педагогикалық бағыт ретінде енді ашылып келе жатыр.

3.3 Ақпараттық мәдениеттілік

Компьютерді оку процесінде қолданудан окушының ақпараттық мәдениеттілік талабы шығады. Ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеу үшін окушының компьютерлік сауаттылығы мен компьютерлік білімдері, ақпараттық және медиа-сауаттылығы болуы шарт.

Ақпараттық мәдениет термині 1970 жылдардың басында шыға бастады. Бұл терминді қолданған алғашкы еңбектерге Б.М.Войханский, К.А.Смирнова (1974ж.), Э.Л.Шапироның (1975ж.) әртүрлі журналдардағы мақалаларын келтіруге болады. Кейін В.А.Кравец, В.Н.Кухаренконың «Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мәселелері» атты еңбегі жарыққа шықты.

Юнесконың 2006-2007жж. арналған бағдарламасының жүзеге асуының негізгі іс-әрекет бағыттарының бірі – жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеттілігі және оны дамыту болды. Ақпараттық мәдениеттілік критериіне бірнеше ғылым салаларынан білімдер қамтылды, олар: семиотика, кибернетика, информатика, философия, логика, мәдениеттану, лингвистика, т.б. Осыдан келіп, ақпараттық қоғам туралы айтыла бастады.

Қазіргі кезде ақпараттық мәдениеттілік ақпараттық қоғамдағы жеке тұлғаның ерекше қасиеті ретінде қарастырылада. Кең магынада ұлттық және этникалық мәдениеттердің өзара байланысып дамуын қамтамасыз ететін қағидалар мен механизмдер. Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеттілігі – адамзаттың жалпы мәдениеттілігінң бір қураушысы ретінде қарастырылады. Ол ақпараттық технологияны қолдану арқылы жеке ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандыруды тиімді қамтамасыз ететін білімдер мен біліктіліктер жынтығы, олардың жалпы адамзаттың ортақ тәжірибесіне біріктірілуі. Тар магынада ақпараттық мәдениеттілік – ақпараттарды пайдалану мен оларды тұтынушыға теориялық және практикалық мәселелерді шешуге қолдануға ұсынудың тиімді тәсілдері; ақпараттарды өндеуді, сактауды және тасымалдауды жетілдіру механизмдері; адамды ақпараттық құралдар мен ақпараттардың өзін қолдануға даярлау, оқыту жүйелерін дамыту мәселелерін қамтиды.

Ақпараттық мәдениеттілік көрінісі ретінде біреудің еңбегін үрламау, бар затты, мысалы, файлды жойып тастамау, зиян келтірмеу, хакерлікпен айналыспау, желіде рұксатсыз енуді орындаудау, т.б. шынынды.

Елімізде Е.Балапанов және т.б. әдіскерлердің 1-4 сынып окушыларына арналған «Ақпараттық мәдениет негіздері» атты информатиканың жұмыс дәптерлері жарыққа шығып, кең таратылды және қолданысқа енді. Бұл информатика курсын төменгі сыныптардан бастап бір жүйеде оқыту, яғни ақпараттық мәдениет негіздерін қалыптастыру, негізгі және жоғары мектептерде одан әрі дамыту, біртіндеп жетілдіру ұстанымындағы бастамалар деп түсінеміз. Одан басқа еліміздегі баспадан шыққан әрбір оқулықты, оқу-әдістемелік құралды, кітапты ақпараттық-электрондық корға сиязу жұмыстарын, мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуын қамтамасыз ететін әдістемелік жұмыстардың, сабактарға қатысты корнекіліктердің желіде жариялануларының саны жағынан күннен-күнге көбеюі осы бағыттағы жұмыстарға жатады. Алайда алі де болса, ақпараттық мәдениеттілікке қатысты қазак тіліндегі жарияланымдар жеткіліксіз, оқыту мәсесесіне қатысты пәндердің әдістемелік жүйелерінің қураушылары, яғни оқыту максаттары, құралдары, әдістері, мазмұндары, технологиялары қамтылған электронды ақпараттық қорлар құрастыруды талап етеді. Оларды ұлттық мәдениеттің, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың әлемдік білімдермен және жетістіктермен үйлестірілуі мәсесесін шешумен байланыстыру керектігі бүгінгі заман талабы.

Бұл мәселелердің шешілуі еліміздегі білім беруді әлемдік деңгейде жариялауға, бәсекелестікте жақсы нәтижемен көрінуге жол ашар еді. Сонымен катар жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеттілігін дамытуға үлкен үлес қосары анық.

Қазіргі кезде мұғалімдер окушының ақпараттық мәдениеттілігін дамыту жолдарын ақпараттық құзырлылыққа койылатын талаптарға сай анықтайды:

–казіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық кеңістік туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру (бүкіләлемдік ақпараттық ресурстарды қолдану, оларды жіктеу, ақпараттар ағынын бағдарлау; ақпараттарды іздеу алгоритмі мен ақпараттарды аналитикалық-синтетикалық тұрғыдан өндеу әдістерін менгерту);

–акпараттық (дербес жағдайда компьютерлік) сауаттылық: оқу әдістемелік, озық тәжірибелерді зерттеу, ғылыми зерттеу нәтижелерін түрлендіру мен технологияларды қолдану әдістерін менгерту, қолданбалы программалық құралдарды менгерту, жаңа программалық құралдарды менгерту;

–өзіндік дамуға жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану: жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін туралы білім, коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы, білім беру үдерісінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық программалық құралдарды қолдану және оларды өз іс-әрекетіне сәйкес бейімдеп пайдалану.

Қазақстанда білім беру жүйесін ақпараттандыру телекоммуникациялық желілерді жасау және дамытумен ұштасады.

Олар:

–ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, дамыту үдерісін жоғары деңгейге жеткізу;

–телекоммуникациялық желілерді біртұтас бүкіләлемдік ақпараттық кеңістікте интеграциялау;

–білім беруді дербестендіру, қашықтан оқытуды дамыту;

–ақпараттық кеңістікте әртүрлі деңгейлі ақпараттармен алмасуды қамтамасыз ету.

Информатиканы оқытуды ұйымдастыру формалары: жеке, жұптық, кіші топтық, ұжымдық жұмыс жасау түрінде өтеді. Ал қолданылатын педагогикалық технологиялар ретінде көбіне жобалау әдісі, модельдеп оқыту, деңгейлеп оқыту, даралай және саралай оқыту қолданылады. Қорытындылауға негізінен тестік жүйе, рефлексия, жобаны корғау алынады.

4. Педагогикалық технологиялар туралы

Білім берудегі ақпараттық технологияларға, оқыту технологияларына байланысты түсініктер мен ұғымдардың кепшілігінде "технология" сөзі кездеседі. Технология ұғымы педагогика ғылымына өндіріс аясынан енді.

Технология: *techne* - өнер, шеберлік және *logos* – ғылым, "Шеберлік туралы ғылым" деген ұғымды білдіретін гректің сөзі. Технология шеберлікпен өнім алу, нәтижеге жету, белгілі бір жоба, модельмен оқыту дегенге келеді.

"Педагогикалық технология" ұғымы 1960 - жылдардың басында пайда болды. 1970 - жылдары оку процесін жетілдіруге қатысты мәселелердің барлығын педагогикалық технологияға жатқызғандықтан ауқымы кеңеңе бастады.

И.П.Беспалько, М.В.Кларин және т.б. ғалымдар технологияны оқыту, білім беру процесіне қатысты педагогикалық аспектіде қарастырып, мынадай анықтамалар береді:

"Педагогикалық технология оқытудың арнайы формаларын, әдістері мен тәсілдерін айқындастын педагогика-психологиялық нұсқаулардың жиынтығы, педагогикалық процесті ұйымдастырудың әдістемелік аспабы" (Б.Т.Лихачев), "оку процесін іске асырудың мазмұндық техникасы", "практика жүзінде іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы" (В.П.Беспалько), "окыту процесіндегі жоспарлы нәтижеге жетудің сипаттамасы" (И.П.Волков), "дидактикалық жүйенің процесуальдық бөлігі" (М.Чошанов), "окушы мен оқытушыға колайлы жағдай жасау мақсатында оку процесін жоспарлаудың, ұйымдастырудың, өткізудің ойластырылған моделі, үлгісі" (В.М.Монахов) т.б.

Белгілі педагог В.П.Беспалько, педагогикалық технологияны – дидактикалық мәселе және осы мәселені шешудің бағдарлық негізін оқытушы біліктілігі мен дидактикалық процестің өзара тығыз байланысқан тұтас бірлігі түрінде қарастырган еді. Аталған ғалымның пайымдауы бойынша, әрбір дидактикалық мәселе, өзіне сай технологияны пайдалану арқылы шешіледі.

Келесі тұжырымдар педагогикалық технологияның оку процесіндегі алатын орнын анықтайды. Біріншіден, педагогикалық технологияның басты ерекшелігі – мақсатты айқындау. Әдетте оқыту мақсаты мен оның орындалуы жуықтап анықталатын болса, педагогикалық технологияны қолдануда бұл мәселе нактыланады. Мақсатты анықтау және оқушының оку материалын игеру сапасын объективті бағалау, жеке тұлғаның жалпы дамуын аралық қадағалау жолға қойылады.

Екіншіден, мұғалім іс-тәжірибелегі механикалық іс-әрекеттерді барынша азайтып, оку-тәрбие жұмысын алдын-ала жобалау жұмыстарын орындайды. Мұны “дидактикалық мәселе” және “окыту технологиясы” негізінде ғана табысты іске асыруға болады.

Үшіншіден, педагогикалық технология – окушының оку іс-әрекеті мазмұны мен құрылымын анықтайтында оку процесінің жобасын пайдаланады.

Көптеген ғалымдардың көзқарастарын жалпылай келе, педагогикалық технологияны оқытудың ең тиімді тәсілдерін зерттейтін ғылыми сала деп те, оқытуда пайдаланатын принциптерді, әдістемелерді жүйелейтін реттеуші деп те қабылдауға болатынын түсінүү қын емес.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында білім беруді ақпараттандыру – мазмұндық түрғыда және ол компьютерлік сауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға көшумен сипатталады. Осы тұста ақпараттық мәдениетке әрбір окушының қазіргі ақпараттық техника мен технологиялар негізін менгеріп қана қоймай, оны тиімді колдана білуі, интернет, ғаламдық ақпарат желісін өзінің белсенді танымдық ізденістеріне пайдалана білуі жататындығын айтуды керек. Осыған байланысты ақпараттық қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында тәмендегідей міндеттерді орындау көзделіп отыр. Дағылмағанда, компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды оку үрдісіне тиімді пайдалану арқылы окушылардың танымдық және өзіндік белсенділігін арттыру және білім сапасын көтеру мәселелерін шешу. Келтірілген технологиялық құралдарды колданып оқыту ортасында педагогикалық технологиялар өзіндік ерекшеліктерге ие болады.

Программалап оқыту тәжірибесі көрсетіп отыргандай, окутанымдық қызметті жобалау, окушылардың кез келген мөлшердегі табысын орнықтыруға мүмкіндік береді. Олай болса, оку процесінде компьютерлік технологияны колдану жағдайындағы педагогикалық жобалау – компьютерді мұғалімнің оқыту және окушының оқып-үрену процестерінде тиімді колдануды іске асырудың бірден-бір шарты.

Орта білім алу әрбір адамның ары қарай оку, мамандық алу мен өмірде табысқа жету мүмкіндігін қамтамасыз етудің түбебейлі қажеттілігі болып табылады. Қазақстан мектептерінің тұлектері өзгермелі өмірдің жаңа тұжырымдамалары мен үрдістерін қабылдауға дайын болуы, саналы талдау жасауға, сондай-ақ өзінің бүкіл өмірі бойында өзгермелі жағдайларға икемді болуга үйренуі және

бейімделе білуі тиіс. Және 12 жылдық білім беру жүйесіндегі білім беру салаларының бірі “Математика және информатика”-дағы оқыту мектеп бітірушінің бойында келесі кабілеттерді қалыптастыруға бағытталатындығы айтылған:

- математика мен ақпараттық технологиялардың рөлін түсіну;
- проблеманы математика мен информатика құралдары арқылы шешу;
- қоғамдық процестерді табиғи құбылыстарды сипаттау кезінде математикалық әдістерді қолдану.

Жоғары сыйныптардағы “Математика және информатика” білім беру саласының мазмұны геометрия; алгебра және анализ бастамалары; информатика және ақпараттық технологиялар арқылы іске асырылады.

5. Информатиканы оқытудың әдістемелік жүйесі

Оқыту – білім алудың, біліктілікке үйретудің, іс-әрекет дәғдиларын қалыптастырудың және адамды еңбекке бейімді даярлаудың негізгі қуралы. Оқыту процесінің нәтижесінде білім алу, тәрбиелеу және дамыту мақсаттары жүзеге асырылады.

Оқытудың мақсаты мен мазмұны, оны үйімдастырудың түрлері және әдістері, адамзаттың жалпы білім алу даярлығына қойылатын талаптар өркениетті педагогикалық идеяларға сәйкес өзгеріп отырады.

Әдістеме ғылымның өзінің мазмұнымен байланысты, сол оқытылатын пәнге арналған ғылымның логикалық ерекшеліктерін ескереді.

Әдістеме ғылыми пән, ол «оқытудың әрбір кезеңінде, әрбір нактылы оқыту жағдайында оның тиімді жолдарын талдауға және негіздеуге сыйбайлас ғылыми білімді жинақтауды қамтамасыз етеді. Әдістеменің басты ерекшелігі мектепте оку пәні ретінде алынған накты материалды дидактикалық өндөуде».


Әдістеме курстары студенттерді белгілі бір оку пәні бойынша окушыларды оқыту мен тәрбиелеудің міндеттері, принциптері, накты түрлері мен әдістері және нактылы пән құралдары арқылы ғылыми көзқарастарының қалыптасусы жөніндегі біліммен қаруландырады.

Дидактика – педагогиканың негізгі бөлімі болып табылады. Оны оқыту және білім беру теориясы деп атайды. Дидактика гректің «*didaktikos*» деген сөзінен шықкан. Оның мағынасы білім беру мен оқытудың теориясы немесе «окытамын», «білдіремін» деген түсінік.

Дидактиканың өзінің тарихы бар. Чехтың ұлы ғұстаз ғалымы Ян Амос Коменскийдің «Ұлы дидактика» деген еңбегінде оқыту теориясының тиімді мәселелерін шешіп берді.

Дидактика ұғымын ғылыми айналымға енгізген неміс педагогы В.Ратке. Дидактиканың негізгі қарастыратын мәселелері: оқыту мазмұны, процесі, әдістері, түрлері, принциптері және т.б.


Оқытудың әдістемелік жүйесін көптеген әдіскер-ғалымдар зерттеген. Оқытудың әдістемелік жүйесі – өзара байланысқан компоненттерден тұратын дидактикалық құрылым. А.М.Пышкало, Ю.С.Брановский, А.В.Ванорин, Г.Н.Лобова және т.б. ғалым-әдіскерлер оқытудың әдістемелік жүйесінің компоненттеріне оқытудың мақсатын, мазмұнын, әдістерін, түрлері мен құралдарын жатқызды (1-сурет).



1-сурет – Оқытудың әдістемелік жүйесі

Жоғары оқу орындарында маман дайындаудың қолайлы жүйесін қалыптастыру үшін, ең алдымен, оқытудың мазмұнын, әдістері мен түрлерін айқындайтын оқыту мақсатын анықтап және тұжырымдалу керек.

Оқытудың әдістемелік жүйесіндегі мақсат, мазмұн, әдістер, оқыту түрлері мен құралдары нақты пәнге қатысты қайта тұжырымдалып, сәйкестендірілуі керек. Біз “Информатика” пәнін оқыту моделін 2-сурет түрінде көлтіруді жөн көрдік.



2-сурет – Информатика пәнін оқыту моделі

5.1 Информатиканы оқытуда қолданылатын әдістер

5.1.1 Оқытудың жобалау әдісі

Қазіргі кезде оқу процесіне акпараттық және коммуникациялық технологиялардың енгізілуімен қатар, оқыту функцияларының бір бөлігі акпараттық, коммуникациялық технологиялық құралдарына жүктеледі. Жоба арнағы мақсатта ұйымдастырылады, іс-әрекеттік жүйеде қолданылады, оған Батыста және Ресейде қатты қызығушылық тұғызып, қолданысқа ендіруде. Өйткені, жобалау әдісі проблемалық оқыту мүмкіндігін тұғызады. Соңғы кездердегі тәжірибелерден жобалау әдістері математиканың информатикамен пәнаралық байланысында қолданылып, сабак тиімділігін жогарылататындығын көрсетуде. Жобалау әдісі компьютер көмегімен түрлі есептерді шығаруда келесі кезеңдерді қамтиды:

- жоба тақырыбын қою;
- модельдеу;
- орындау;
- жоба нағарияларын талдау;
- жобаны қорғау.

Жобалау әдісінің негізін қалаушылардың бірі Дж.Дьюи баланың кабілеттілігіне талдау жасап оқытудың ең басты бөлігіне окушы киялы мен қызығушылығын қойды. Элемдік тәжірибелерді талдау

жобалау әдісінің әр елдегі білім беру жүйесіне кең қолданыска ие болғанын көрсетті. XX ғасырдың соны XXI ғасырдың басында аппараттық қоғамның дамуы бұл әдістің жиі қолданысына әкелді.

Жобалау әдісі «қандай да бір іс-әрекетке қатысты белгілі бір сала бойынша практикалық немесе теориялық білімдерді игеру әдістері мен операциялардың жиынтығы» деп көрсетілген. О.В.Чураков, Г.Б.Голубь жобаны «мұғалімнің арнайы үйымдастырған ал окушының өнім құрастырумен аяқталатын маңызды мәселені шешуге бағытталған іс-әрекеттер кешенін өз бетінше орындауы, ал жобалау әдісі - окушыға өзіндік жұмыс мәселелерін коятын және шешетін білім берудегі жағдайды үйымдастыру технологиясы және мұғалімнің қолданатыны - окушы іс-әрекеттерін сүйемелдеу технологиясы» деп көрсеткен.

Окушының жобалау іс-әрекеттерін екі жақтан қарастыруға болады: іштей және сырттай. Ішкі нәтижеге көрү, ой елегінен өткізіп, зерделеу, өлшеу, практикада қолдану жатса, ал сыртқы нәтиже ретінде окушының білім, біліктілік, құндылық қасиеттерін біріктіретін өзіндік өмір тәжірибесін жинақтаудың нәтижесі. Қазіргі кездегі қолданыстағы оку жобаларын келесі түрде сұрыптауға болады:

№	Белгілері	Жобалар түрі
1	Шығармашылық белсенділік деңгейде	- орындаушылық - құрастырушылық - креативтік
2	Iс-әрекет түріне қарай	- зерттеушілік - креативті - аппараттық - ойын түрінде - қолданбалы
3	Біліктілікті қолдануына қарай	- жобалау (іздеу, үйымдастырушылық, аппараттық, ой ойлауға әкелетін, коммуникативті, рефлексифті); - пәннік (математикалық, философиялық, тарихи, т.б.) - креативті; - интелектуалдық
4	Мазмұн	- бірпәндік - пәнаралық - пәннен тыс
5	Орындау	- мектептік (бір мектептің окушыларымен, сыйнып арасындағы,

6	Жобаға қатысушы окушылар құрамы	элективті курс бойынша) - жеке - жұп-жұбымен - топтық
7	Жобаға қатысушылардың жас ерекшеліктері	- бірдей жастағылар - әр түрлі жастағылар
8	Жобамен жұмыс жасау үзактығы	- қысқа мерзімді (бір немесе бірнеше сабак көлемінде) - орта мерзімді (такырыпты үйрену уақыты аралығында) - ұзак мерзімді (бір жыл немесе одан көп жыл)
9	Жобаны үйымдастыру түрі	- ашық (мұғалім жобаның орындалу барысын оның барлық кезеңдерінде қадағалайды және нәтижені жариялайды) - жабық (телекоммуникациялық жоба)

Қысқаша айтканда, жобалау әдісі – «проблемалық әдіс, топтық жұмыс, рефлексивті, презентативті, зерттеушілік, ізденушілік не басқа да әдістемелерді қамтитын окушының өзіндік іс-әрекеттері».

Жобалау әдісі нақты жағдайға өте жақынлатылған іс-әрекеттің материалдық жағынан аз шығын жұмсайтын тәсілдерін құруға негізделетінін айта керек.

Жобалау – белгілі бір жоспар бойынша жүзеге асатын іс-әрекеттің өз бетінше орындалатын түріне жатады, сондыктan біз жобалау іс-әрекеттерін кезеңдерге бөлдік.

Бұл кезеңдерде алға қойылған мәселелер шешіледі, окушы мен мұғалімнің іс-әрекеттерінің сипаты ашылады, жоба бойынша біліктіліктер арнайы қалыптасады. Танымдық іс-әрекет нәтижелі болу үшін жобаны келесі түрдегі 5 кезеңге бөлгенді.

Алғашқы іздеу кезеңінде маселені анықтау маңызды болып табылады. Проблемалық жағдайлар бар білімдер мен жаңадан қойылған талаптардың арасындағы сәйкесіздіктен шығады. Мұндай кайшылық ретінде белгілі теорияға келмейтін жаңа фактіні ашу, бұрыннан келе жатқан теорияға деген жаңа көзқарас немесе адамдардың қандай да бір оқиғаны бағалаудағы көзқарастарының сәйкесіздігі болып табылады.

Жобалау іс-әрекетінің аналитикалық кезеңінде окушы жобаның мақсаттары мен міндеттерін анықтауы тиіс, күтілетін нәтижені анықтау, өз іс-әрекетінің жоспарын құру, жоспарлы нәтижеге жету тәсілдерін зерттеу керек. Бұл кезеңде окушының аппараттармен жұмыс жасауы жүзеге асады.

Аналитикалық кезеңнің соңына қарай окушы алға қойған мақсатка жету үшін нені орындау керектігін нақты білуі керек.

Жұмыстың практикалық кезеңінде окушылар жоспарлы іс-әрекеттерін жүзеге асыруға кіріседі. Бұл кезде тапсырмаларды орындауда кажет әр түрлі технологияларды игереді, ал бұл технологиялар мектеп бағдарламасының шенберінен шығып кетеді. Бұл кезеңде окушы оте көп өз бетінше жұмыстар орындаиды.

Жобалық іс-әрекеттер:

1. Іс-әрекеттерді ұйымдастыру: жобаға кіру (мотивация, проблемалық мәселелерді қарастыру, мақсатты айқындау);

2. Іс-әрекеттерді жүзеге асыру: акпараттарды іздеу, акпараттарды өндіреу;

3. Іс-әрекет нәтижелерін көрсету және оны бағалау: нәтиженің презентациясы (жобаны корғау), бағалау, рефлексия.

Әрбір жобадан соңғы нәтиженің болуы күтіледі. Өнімнің түрі мен формасы әртүрлілігімен ерекшеленуі тиіс, бұл реферат, бейнефильм, альбом, бюллетень, сайт, сөздік, компьютерлік газет және т.б. болуы мүмкін.

Презентация кезеңінде аяқталған жоба көрсетіледі. Мұнда окушы презентацияның мақсатын анықтап, оны өткізу түрлері мен жобаны түндайтын аудиторияны таңдайды.

Соңғы рефлексивті кезеңде жобалық іс-әрекеттер ойластырылған жобаның жүзеге асуына қарай окушылардың ой елеғінен өткізуі орындалады.

5.1.2 Саралап және даралап оқыту әдістері

Саралап оқыту проблемасының теориялық негіздерін қалыптастыруды психологиялық-педагогикалық зерттеулер жетекші орын алады.

Оқытуды даралау проблемасы бойынша А.А. Бударныйдын, И.Д.Бутузовтың, Е.Я. Голанттың Е.С., И. Унттың және т.б. енбектер маңызды орын алады. Педагогикалық энциклопедияда даралау «окушылардың дара ерекшеліктерін, олардың даму деңгейлері мен окуға деген қабілеттілігін ескеру арқылы оқыту тәсілдері, карқыны таңдап алынатын оку үдерісін ұйымдастыру» ретінде анықталады.

И.Унт «даралау – оқыту үдерісінің барлық формалары мен әдістерінде окушылардың кандай ерекшеліктері және олар каншалықты ескерілетініне тәуелсіз, олардың дара ерекшеліктерін ескеру», ал «саралау – окушыларды кандай да бір ерекшеліктері негізінде жеке оқыту үшін топтастыру, әдетте бұл жағдайда оқыту әр түрлі оку бағдарламалары мен жоспарлары бойынша жүргізіледі» – деп анықтама береді. Неміс ғалымы Р. Винкелердің пікірінше, саралау оку-ұйымдастыру шараларының кең ауқымын білдіреді, ол бір жағынан, окушылардың жан-жақты қызығушылығы мен кабілеттілігін, екінші жағынан, қоғамның әртүрлі қажеттігін канагаттандырады. Ол екі функцияны атқарады: окушының дара кабілеттілігінің байқалуына, қоғамның нығаюына және әрі қарай дамуына ықпал етеді және де саралаудың мақсаты жеке тұлғаның потенциалды ой қабілеттілігін айқындау әрі дамыту, жеке тұлғаның злеуметтік және коммуникативті (катынас) құзыреттілігін дамыту болып табылады.

6. Білім берудегі акпараттық-коммуникациялық технологиялар

6.1 Ақпараттық коммуникациялық технологияның даму кезеңдері

Оқытудағы акпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму кезеңдері:

1 – кезең: ХХ ғасырдың 60 жылдарының басына дейінгі уақыт. Бұл кезде қолданыста ЭЕМ-нің I және II буын өкілдері болды. Ақпараттық технологияларды құрастырудың негізгі критерийі ретінде машиналық ресурстарды үнемдеу жағы қарастырылды. Мақсат ретінде құрылғыларды максималды түрде жұмыс істету алынды. Бұл кезеңнің ерекшеліктері блок-схеманың пайда болуы, машиналық кодта программалау, стандарттық программалар кітапханасы,

автокодтар, машинаға бағытталған тілдер және Ассемблер тілінің кұрастырылуы. Программалау технологиясындағы жетістікте тиімді жұмыс жасайтын трансляторды құрастыру нақты уақыт режимінде және пакеттік режимде жұмыс жасайтын алғашқы басқарушы программалардың құрастырылуы.

2 – кезең: 80 жылдардың басына дейінгі аралық. Бұл кезде мини ЭЕМ және үлкен интегралды схемаға негізделген III буын ЭЕМ-дері шығарыла бастаған. Бұл кезеңде негізгі критерий ретінде акпараттық технологияларды құрастыруды программист енбекін үнемдеу алынды. Максат – программалаудың инструментальды ортасын құрастыру. Операциялық жүйелердің II-ші буны пайда болды. Олар үш режимде жұмыс жасады:

- 1. Нәкты уақыт режимі.**
- 2. Уақытпен бөлінген режим.**
- 3. Пакеттік режим.**

Жоғары деңгейлі программалау тілдері құрастырылды. Қолданбалы программалар пакеттері пайда болды. Берілгендер базасын басқару жүйесі, жобалауды автоматтандыру жүйесі ЭЕМ-мен карым-қатынастарының диалогтық құралдары, программалаудың құрылымдық және модульдік технологиялары құрастырылып ауқымды (глобальды) жәлі пайда болды. Информатикағылым ретінде дүниеге келді.

3 – кезең: 90 жылдардың басына дейін жалғасты. 1970 жылдың сонында Дербес компьютер жасақталды. Бұл кезеңде акпарат ресурс ретінде материалмен, энергиямен, капиталмен қатар қойылды. Жана экономикалық категория – ұлттық акпараттық ресурстар пайда болды. Табиғи ресурстың азаюы, ескіруі ғылыми білімнің қолданылуына негізделген ресурстардың кайта өндеу мәселесіне алып келді. Кәсіби білім ғылыми өнімді сату арқылы экспортталды. Өндірістік мәдениетке ойын компоненттері енгізілді. Жоғары өнімді сібектің жылдам өсуі және өндірілетін өнімдердің номенклатураларының көбеюі өндірісті қалпына келтірді (интернет, вебсайт, программалар, оқыту процесіне қатысты программалар).

4 – кезең: 90 жылдардан бергі уақыт. Білімді автоматтандыруға қатысты акпараттық технологиялар құрастырылған кезең. Максат – қоғамның акпараттандырылуы. Заң бойынша құпияланған акпараттардан басқаның барлығы саяси, әлеуметтік – экономикалық, ғылыми, т.б. өзара байланысып, жиынтықта қарастырылды және қоғамның әрбір мүшесінә еркін ену қамтамасыз етілді. Бұл қоғамның акпараттандырылуы. Еліміздегі электронды үкіметтің енгізілуі қоғамның акпараттандырылуының көрінісі.

Берілгендерді параллель өндеу машиналары пайда болды:

–транспьютерлер;
–портативті ЭЕМ;
–графикалық операциялық жүйелер;
–жана технологиялар: мультимедиа жүйесі, гипермәтін, объектіге бағытталған технологиялар (VB, Delphi).

Телекоммуникация адамдар арасында қарым-қатынас жасау құралы болды (чат, факс, интернет жобалары).

Қашықтан оқыту арқылы мәдениет, өнер, ғылым және т.б. бойынша адамзаттың электронды жадты қолдануы және олардың көмегімен білімнің ортақ нарығының қалыптасуының алғы шарттары құрастырылды.

Қашықтан оқыту жүйесі, офис жүйесінің автоматтандырылуы өнімдердің әлемдегі каталогтары енгізілді.

Ақпаратты корғау мәселесі бірінші кезекке шықты.

Ақпаратты корғау мәселесіне қатысты келесі терминдерге токталайық:

1. Ақпаратты корғау – мемлекеттік іс-әрекеттің және кәсіпкерліктің бөгде адамдардан олардың корғалатын акпараттар мен программаларға рұқсатсыз кіруінен корғайтын негізгі факторлардың бірі.

2. Конфиденциалдылық – ол мемлекеттік және кәсіпкерлік іс-әрекеттегі мәліметтердің құпиялышының қамтамасыз етудің әдістері мен құралдары. Конфиденциалдылықтың мәселесі жүйенің және желінің жұмыстарын рұқсаты бар қолданушыға ғана кіруге болатындей етіп жұмысты ұйымдастыру.

3 Криптография – программаның және берілгендердің кодтарын өзгерту тәсілі.

4 Кодтау кілті – шифрлау кезіндегі кодтар арасындағы сәйкестікті анықтау заңдылығы.

5. Хэштеу (хэширование) – хэш функция деп аталатын құпия формуламен анықталатын өндеуге мәтіннің символдарын қолдану.

6. Идентификация – объектінің белгілі объектімен бірдей болуы, тексерілуі.

7. Аудентификация – акпараттық ресурсты қолданушының немесе программаның дұрыстығын тағайындау үшін идентификация жүргізу нәтижесінде аудентификация пайда болады. Аудентификацияның екі түрі орындалады: шығарушыға және тұтынушыға қатысты.

8. Верификация – объект атауының нақтылығын анықтау үшін анализ жүргізу процедуrasesы.

6.2 Компьютерді оқытуға колданудың кейбір принциптері

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында білім беруді ақпараттандыру – мазмұндық түрғыда және ол компьютерлік сауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін калыптастыруға көшумен сипатталады. Осы тұста ақпараттық мәдениетке әрбір студенттің қазіргі ақпараттық техника мен технологиялар негізін менгеріп қана коймай, оны тиімді колдана білуі, интернет, ғаламдық ақпарат желісін өзінің белсенді танымдық ізденістеріне пайдалана білуі жататындығын айту керек. Осыған байланысты ақпараттық қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында тәмендегідей міндеттерді орындау көзделіп отыр. Далірек айтқанда, компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды оку үрдісіне тиімді пайдалану арқылы студенттердің танымдық және өзіндік белсенділігін арттыру және білім сапасын көтеру мәселелері келтірілген.


Келтірілген технологиялық құралдарды колданып оқыту ортасында педагогикалық технологиялар өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Оларды тандау және жобалау жолдарын көрсету үшін пәнде оқытуға қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды колдану принциптерін анықтауға болады.

Информатика пәнінде мазмұны мен құрылымын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды ескере отырып, оқытуда компьютерді колдану принциптерін тұжырымдап, оқыту технологиясымен байланысын сызба 3-суретте келтірілген.

Пәнді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды колданып оқытудың принциптерін тәмендегідей ашуға болады:

- пара-парлық принципі, мұнда болашак информатика мұғалімдерін даярлау процесінде есептерді шығаруда компьютерлік технологияны қолданудағы жаңа өзгерістердің пара-парлығы айқындалуы қажет. Студенттер компьютерлік технологиялардың атқаратын рөлін сезінулері қажет;

- визуальдылық принципі көп жағдайда педагогикалық жоғары оку орындарындары студенттерінде информатика курсындағы программаудың мәнін, әдіс ерекшеліктерін және қолданылу жаңажақтылығын дәл, анық түрде, нақышына келтіре түсінуі қынға согып, оны формальды түрде үйренуге әкелуде. Информатиканың формальдану процесіне ақпараттық технологиялардың құралдарын колдану үшін және оны көрнекі көрсету үшін компьютерді колдануға бірқатар өзгерістер енгізу қажет, бұл жерде компьютердің техникалық мүмкіндіктерін де ескеру керек;



3-сурет – Оқыту технологиясы мен компьютерді колдану принципінің байланысы

- өздік жұмыстар принципі, жоғары деңгейлі программау тілдерінде көмегімен және қолданбалы программалық пакеттердің ішкі тілдерімен де компьютерлік бағдарламаларды студенттер өзбетінше құра білуге және оларды өндей білуге бағыттау қажеттілігімен байланысты. Мұндай жұмыс теориялық білімдерін болуын талап етеді. Осындай іс-әрекеттер жетістігі студенттерге қанағаттандырушылық сезімін туғызып, кәсіби деңгейлерінің өсуіне көмегі тиеді. Осылайша болашак информатика мұғалімдерін даярлауда программау тілдерінде, оның ішінде бірінші кезекте олардың визуальды мүмкіндіктерін қолданумен байланысқан белсенді әдістерге көп көніл бөлінуі қажет;

- жүйелілік принципі, 12 жылдық білім жүйесіндегі мектептің математика және информатика пәндер циклінде компьютерлік технологияны колдану барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияны кей-кейде үздік түрде колдану болашак мұғалімдерді қажет деңгейде даярлауға мүмкіндік бермейді, сондықтан да койылған мақсатқа жету үшін студенттерге компьютерлік технологияны мектепте жүргізілетін барлық пәндер үшін қолдануға болатындығын және оны колдану барысында сабактың тиімділігінің арта түсетінін ұғындыру қажет. Информатика пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияны колдану үздіксіз, жүйеленген сипатта жүруі керек.

Болашак мамандарға койылатын қазіргі заманғы талап тек тандап алған мамандығы бойынша білімі бар мамандарды ғана емес, сондай-ақ еңбекті автаматтандыру үшін жаңа ақпараттық-коммуникациялық

технологияларды қолдануға қабілетті мамандарды талап етеді. Оку үдерісін ұйымдастыруды жана ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану казіргі оқыту әдістерінің ерекше белгісі болып табылады.

Оқытудың сзықты емес технологиясы – бұл окушылардың психологиялық ерекшеліктеріне және дайындық деңгейіне, мәселелерді шешуге, қойылған мақсаттарға сәйкес жеке оқыту траекториясын құруға, санадағы интуитивті тану әдістеріне, қателер арқылы байқап көру әдістеріне негізделген оқытудың әдістері мен тәсілдері. Мысалыға сзықты емес жүйеге кредиттік жүйе, кашыктан оқыту жүйесі, т.б. келтіруге болады. Оқытудың сзықты емес технологиясы Информатика пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларда қолданатын жоғарыдағы аталған принциптермен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде көптеген пәндік салаларда оқытудың сзықты емес моделін қолдану ыңғайлылығы көпте айтылада.

Оқытудың сзықты емес технологияларын қолдану кезінде оқытушының іс-әрекеті жана сипатта ұйымдастырылады. Оқытушы оқушының іс-әрекетін ұйымдастыруши, мәселені қоюши, жүйелеуші ретінде қызмет атқарады.

6.3 Оқытуға компьютерді және оның мүмкіндіктерін қолдану

2001 жылда елімізде мемлекеттік “Бастауыш және орта кәсіптік білімді информатикаландыру” бағдарламасы, “Қазакстан Республикасының Білім жүйесін информатикаландыру концепциясы”, “Интернет-мектептерге” ұжымаралық бағдарламасы және т.б. күжаттар күштеріне енді. Бұгінгі күнде республика мектептерін интернет жүйесіне косу процесі толық шешімін тапқан.

2002 жылдан бастап орта мектептерді мультимедиалық кабинеттермен жабдықтау мәселесі колға алынып, 2003-2004 оку жылында барлық орта мектептер мультимедиалық кабинеттермен жабдықталды. 2007-2008 оку жылынан бастап республикамыздың барлық мектептерін интерактивті тақтамен жабдықтау жүргізілді. Бұл оқытуға техникалық құралдар жиынтығын үйлесімді, кешенді қолдану мақсатын жүзеге асыру бағытындағы орындалып жатқан ішараалар. Орта мектептерде білім беруді техникалық құралдармен жабдықтау - оқытуға компьютерлік технологияны және әлемдік ақпараттық кеңістікі қолдану процесі бұгінгі танда шешімін тапқан деп есептеуге болады.

Компьютердің оқытуда жемісті қолданылуы жайлы сөз болғанда бізге ең алдымен оның негізгі құрылғысы дисплей жайлы айтуда

болады. Дисплейде акпараттардың бейнеленуі тек қана сыйбалар, суреттер, схемалар, графиктер мен диаграммалар және де түрлі белгілер мен кескіндер жылжымалы бейнеленіп, дыбыс арқылы сүйемелденеді немесе өзара бірге берілуімен ғана емес және оны оқушының өзі де қолдан жасай алуымен ерекшеленеді. Бұдан басқа оқушының компьютермен маңызды сұхбаттасу мүмкіндігі де бар, оқушы мұғалімнің де, электронды педагогтың да сұраптарына жауап береді алады. Оқушы конструктор сияқты жаңа объектілерді жобалап және оларды талдай алады. Компьютердің көмегімен іздестіру, есептерді шығару, түрлі техникалық жүйедегі ахауларды жою, түрлі ақпараттар легін алуға мүмкіндіктері бар. Компьютерді оқытуда тиімді қолдану үшін ең алдымен психологиялық - педагогикалық мәселелерді бірінші кезекте шешу кажет.

Компьютер бір жағынан ойды дамытуға қолдайтын болса, ал екінші жағынан компьютердің шектеулі мүмкіндіктерімен дәйектелінген кындықтардың да туындастыны анық.

Дербес компьютердің сабакта қолдану мүмкіндігі оның бағдарламалармен қамтамасыз етілуімен тікелей байланысты. Сабакта қолданылатын бүкіл бағдарламаларды үйрететін бағдарламалар және оқу бағдарламалары деп белуге болады. Үйрететін бағдарламалар мұғалімді оның кейбір әрекет түрлерінде алмастыру үшін де, мысалы, жаңа материалды түсіндіруде, өткенді тиянактауда, білімді тексеруде және тағы басқа жағдайларда қолданылады. Оқу бағдарламасының мақсаты - оқушыға информатика сабагында орындастын танымдық жұмыстарды жүргізуғе, оқушының танымдық әрекетіне көмектесу, тапсырмаларды орындауда компьютерді қолдануға үйрету. Оқу бағдарламасын қолдану мұғалімнің қатысуымен және мұғалімнің басшылығымен жүзеге асырылады. Оқу бағдарламасының көмегімен түрлі есептерді шығаруға, операцияларды орындауға, іс-әрекеттердің ретін талдауға, түрлі құбылыстар мен үдерістердің математикалық моделін құруға мүмкіндіктер болып отыр.

Компьютердің оқу барысындағы рөлі көбіне оқу бағдарламасының типіне қарай айқындалады. Олардың бірқатары біліктілік пен дағдыны тиянактау үшін арналған, кейбіреуі шешім қабылдау дағдысы мен біліктілігін қалыптастыруға қолдау көрсетеді. Соңғы кездерде мұндай бағдарламалар саны өсті. Ал кейбіреуі ойын түрінде құрылған оқу бағдарламалары. Олар оқу мотивациясын арттыруға қолдау көрсетеді. Бірак тағы бір айта кететін жайт: жарыстық мотивтер танымдық мотивтерден басым түсіп кетпеуі керек. Ойын ынтаны, қызығушылықты және шығармашылық ойды үдегіп ынталандырады, өз мүдделерін жалпы мақсаттарға бағындыруға көмектеседі, бірлесіп әрекет ету ептілігін

калыптастырады. Сонымен катарап ойын айқын бір оку пәнінің шенберінен шығуға мүмкіндік береді, окушыларға аралас саладағы білім мен тәжірибелік әрекеттердің мүмкіндігін береді. Ойын окушыларда есепті шығарудың мүмкін боларлық стратегиясы мен білімнің құрылудына жетістікті түрде колданылуы да мүмкін. Окушы еркін түрде дұрыс болсын, кате болсын шешім қабылдайды. Мұндай оқыту окушылар үшін барынша тартымды және көбіне ұнайды. Ойындық бағдарламаларды дұрыс бағалай отырып, онымен көп қызығып кетудің кері әсерін де ескерген жөн. Қызығып беріліп кету окушылардың еріктік қасиетіне де кері әсер етуі мүмкін. Білім мен еңбек сезімдік әрекеттерге негізделмейді.

Оқытуда колданылатын компьютер мүмкіндіктерімен жасалған көрнекіліктер жиі колданыста.

1970 жылы компьютерді оку процесінде колданудың алғашқы кадамдары ұйымдастырылды, алайда аппараттық және программалық құралдардың енімділігінің жоғары болмауы оны сәтсіздікке әкелді.

Компьютерді оқытуға колдану барысында уақытты ұнемдейміз. Компьютер мүмкіндіктерін колданудан нақты оку материалын оқып үйренуге кететін уақыт орта есеппен 30% ұнемделеді, ал білімді мида сактау дәстүрліден ұзағырақ деп есептелінеді.

6.4 Білім берудегі мультимедиа

«Информатика және компьютерлік техника» деп аталатын қазак тілі терминдерінің сапалық ғылыми түсіндірме сөздігінде мультимедиа ұғымына тәмендегідей түсіндірме берілген: мультимедиа компьютерде дыбысты, акпаратты тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология. Ол акпаратты кешенді түрде бейнелеуді – мәліметтерді мәтіндік, графикалық, бейне, аудио және мультиликациялық түрде шығаруды жүзеге асырады. Мәтін, түрлі түсті графика, дыбыс, сөз бен кескін синтезін жасап, акпараттың өте көлемді мөлшерін жадында сақтап, диалогтық түрде жұмыс істейді. Мультимедиа элементтерімен еркін интерактивті түрде қатынас құруға, дыбыспен сүйемелденетін бейнекөріністерді компьютер экранында көрсетуге, тындауға толық мүмкіндік бар.

Оқытудың әдістемелік құралдарында колданылатын оку материалдары көрнекі, түсінікті болу үшін анимациялық қимыл-қозғалыс эффектілері қосылады. Анимациялық әсерлер түрлі езгермеліліктерді сипаттау, процестердің өтуін демонстрациялау тәрізді маңызды мәселелерде колданыс табады. Міне осы мәселелер компьютерлік технология мүмкіндіктерін колданып орындалады.

Оқытуда колданылатын мультимедиалық технологияның техникалық жағынан минимальды конфигурациясы:

- Pentium процессоры;
- Тәктілік жиілік 75 МГерц;
- Оперативті жад 8 МБайт;
- Қатты диск 240 МБайт;
- Графикалық плата VGA (640x480 нұктесі, 256 түс немесе 800x600 нұктесі, 16 түс);
- CDROM дискіжетек, берілгендерді жөнелту жылдамдығы 600 Кбит/с;
- Аудиоплата 16 биттік дыбыспен және MIDI PORT;
- Синхрондалған аудио-бейне патокты қамтамасыз ететін секундына 30 кадрдан жөнелтетін – 30 pfs, шешімділігі 352x240, MPEG – video;
- Тышкан;
- Пернетақта.

Дербес компьютерге қосымша суретші графикалық планшетті, режиссер бейнекамераны, музикант музикалық пернетактаны, т.б. тіркей алуы керек.

Акпаратты енгізу және шығару үшін келесі құрылғылар қажетіне қарай талап етіледі:

- принтер;
- сканер;
- стример;
- плоттер;
- факс-модем;
- дыбыстық колонкалар;
- TV тюнер;
- джойстик;
- әртүрлі сыртқы дискі жинақтағыштар;
- виртуальды шындықты құрастырудың техникалық құрылғылары (шлемдер, очкилер, руль, педаль, үш өлшемді кеңістіктердің іс-әрекеттерді бақылаудың стереоскоптық құралдары, т.б.).

Мультимедиалық программалар сөйлейтін энциклопедиядан бастап, бейнеклиптер мәліметтер базасын жасау жұмыстарын толық қамти алады. Қазіргі уақытта көптеген ғылыми басылымдарға электрондық басылым, электрондық оқулық, электронды оку құралы термині жиі пайдаланылады.

Бұл аталған ұғымдарға ҚР мемлекеттік стандартында тәмендегідей түсініктемелер келтірілген.

Электрондық басылым – бұл программалық басқару құралдары мен құжаттамалары бар және кез келген электрондық ақпарат тасымалдаушысында орналасқан немесе компьютерлік желілерде жарық көрген сандық, мәтіндік, графикалық, аудио, бейне және басқа ақпараттар жынтығы.

Электрондық оқу басылымы – оқытуды және білім бақылауды автоматтандыруға арналған және оқу курсына немесе оның жеке бөлімдеріне сәйкестендірілген, сонымен қатар оқыту траекториясын анықтауға мүмкіндік беретін және әртүрлі оқу жұмыстарымен қамтамасыз ететін электрондық басылым.

Электрондық оқулық – бұл құрамында оқу курсының немесе оның бөлімінің жүйелі мазмұны бар және берілген басылым түріне мемлекеттік мекеме беретін арнайы дәрежеге ие электрондық оқу басылымы.

Электрондық оқу құралы – бұл құрамында оқу курсының ең маңызды бөлімдері, сонымен қатар есептер жинағы, анықтамалықтар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу тәжірибесін еткізуға нұсқаулар, практикумға, курстық және дипломдық жұмыстарды дайындауға әдістемелік нұсқаулары бар берілген басылым түріне мемлекеттік мекеме беретін арнайы дәрежеге ие электрондық оқу басылымы.

Электрондық оқу басылымдарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының «Ақпараттық технологиялар. Электрондық басылым» туралы мемлекеттік стандартында толық қарастырылған. Стандартта келтірілген талаптарға сүйене отырып, окушылардың өзбетіндік танымдық іс-әрекетіне негізделіп құрылған электрондық оқу басылымы төмендегідей бөлімдерді қамтуы тиіс: теориялық және анықтамалық материалдар; тапсырмалар мен жаттығуларды орындауға нұсқаулар; практикалық және лабораториялық жұмыстардың мазмұны (оқу, зерттеу немесе эксперименттік мақсаттағы танымдық есептерді шығару) және оны орындауға нұсқаулар; білімді бақылау мен бағалауға арналған тапсырмалардан (тест тапсырмалары және жүйеде орындалатын есептер) тұрады.

Оқу процесін ақпараттық технологиялармен қамтамасыз ету жағдайларының өзгеруі – оқулықтар дамуының жаңа кезеңі электрондық оқулықтың құрастырылуына әсер етеді. Өйткені нақты жағдайда қысқа мерзімде ақпарат ағынын іріктеп, пайдалануға үйрену керек, әрбір құбылысқа шығармашылықпен қарап, өз бетімен тиімді, мазмұнды ақпараттарды таңдай бізу іскерлігі қалыптасуы қажет. Ал бұл мақсаттарға жетуде оқу процесінде электрондық оқулықтарды пайдаланудың маңызы өте зор.

Мультимедиалық оқыту бағдарламасын құрудың дидактикалық негізіне менгерілетін білім, іскерлік пен дағдылардың жынтығы алынады. Оны шартты түрде екіге болуға болады: бірінші бөлігінде білім, іскерлік пен дағды ақпарат түрінде ұсынылып, декларативті типтегі компьютерлік оқу-әдістемелік материалдарының көмегімен берілуі мүмкін. Ал екінші бөлігінде білім, іскерлік пен дағды процедуралық типтегі компьютерлік оқыту бағдарламалары арқылы оқу есептерін шығару барысында өзбетіндік іс-әрекеттер нәтижесінде қалыптасқан жеке тұлғаның тәжірибелерінің әртүрлі формалары болуы мүмкін.

Оқыту ортасында жиі қолданылатын жүйенің бірі – мультимедиа. Мультимедианың функцияларына мыналар жатады:

- цифровық фильтрлеу;
- бейне көріністі масштабтау;
- бейне материалды аппараттық – цифровық сығымдау және кеңейту;
- үш өлшемді графикаға көтүсты гравикалық операцияларды жеделдету;
- мониторға телесигналдарды шығару;
- композиттік бейне шығаруды қамтамасыз ету.

6.5 Ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта

Қазакстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауында: «өткен ғасырдың отызының жылдарында сауатсыздықпен күрес жүргізілгендей, компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске азаматтарды, әсіресе, жастарды тарту қажеттілігі айтылған және мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс» екендігі атап көрсетілген. Ақпарат ағымының ұдайы дамуы мен жаңаруына байланысты қоғамды ақпараттандыру кезеңінде оқутарbie үрдісіне, оның мазмұны, әдістері, ұйымдастыру формалары мен басқару түрлеріне сапалық түрғыдан жаңа талаптар қойылуда.

Қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін жоғары мектепте тәмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар білім сапасын көтеру, оқыту процесін компьютерлендері: интернет, компьютерлік желі, телекоммуникациялық құралдарды қолдану, электронды оқулықтар мен құралдарды даярлау; компьютерлік технологияларды жеке оқу пәндеріне, олардың ерекшеліктерін ескере отырып қолдану. Бұл міндеттерді шешу білім беру сапасын жоғары сатыға көтереді.

Ақпараттық білім беру ортасы түрлі оқу орындарының ресурстарын интеграциялау жолымен толық біріктіруге арналған. Осының негізінде техникалық және ақпараттық құралдар желіні қолданушыларға ауқымды білім берудің түрлі қызметтерін таңдауға мүмкіндік бар: оқу орындарының виртуалды өкілділігінің электронды кітапханаларын қолдану, ашық білім берудің ақпараттық-білім беру ортасының виртуалды өкілділігі бар кез келген оқу орнында білім алу мүмкіндігі.

Ақпараттық білім беру ортасы білім беру жүйесінің ресурстарын интеграциялайды және олардың негізінде оқу орнының орналасқан жеріне тәуелсіз пайдаланушыга қажетті білім беру қызметін өтсөн принципін іске асырады.

Білім беру модулінің құрылымдық компоненттерінің бірі - нақты пәннің ақпараттық-коммуникациялық ортасы болып табылады.

Қазіргі уақытта педагогикалық әдебиеттерде жазылып жүргеніндей, жаңа типті оқытушының негізгі қызметі окушының өзін басқаруы емес, оның оқу іс-әрекетін басқаруы болып табылады. Ал окушы мен оқытушының арасындағы байланыс басқару жөнінде емес, негізінен ақпарат алmasу болмак. Бұл кез келген оқу іс-әрекетінің барлық уақытта басқарылатының көрсетеді. Мұндай басқару оқытушының тікелей басқаруы немесе оқытушының әртүрлі техникалық құралдардың көмегімен жалпыланған басқаруы немесе окушының өзін-өзі басқаруы мүмкін. Осы бағытта жүргізілген

зерттеулер жаппай білім берудің даму тарихында оқытудың жаңа әдістері мен тиімді түрлерін жасау қажеттілігін уағыздайды, ол дамымалы педагогикалық теориялар мен технологиялардың, жаңа білім беру орталарының құрылудың сипатталады. Ақпараттық пәндік оқу орталары: оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқу басылымдарын қамтиды.

Ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта – бұл нақты пәндік облыстың ақпараттық ресурстарымен ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың интерактивті құралдары көмегімен, сондай-ақ қолданушылар арасында ақпарат алmasу, ақпараттық-коммуникациялық технологиялық құралдар мен ақпарат алmasу жүзеге асырылатын іс-әрекеттер орындалатын жағдайлар жынтығы. Ақпараттық-коммуникациялық пәндік ортасың жұмыс жасауы, біріншіден, қолданушылардың өзара ақпарат алmasуы және зерттелетін объектілер, процестер немесе өзгерістердің экрандағы бейнелерімен жұмыс жасауден анықталады; екіншіден берілген пәндік облыска қатысты оның заңдылықтарын оқытуға бағытталған компьютерге кіріктірілген оқыту технологияларын қолдану арқылы жұмыс жасау мүмкіндігімен анықталады. Мұнда ақпарат алmasу барлық қолданушыларға жалпы, нақты заңдылықтармен немесе ақпараттық ресурстарды қолдану, жинактау, өндөу, тасымалдау, сақтау және т.б. берілген ережелермен заңдастырылады.

Арнайы жобаланған ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта пәнді оқытуда ақпараттық технологияны тиімді қолдану мәселелерін шешүгө жағдай жасайды.

Қазіргі кезде елімізде қашықтан оқытуға байланысты электронды оқулықтарды құрастыру және оны тиімді қолдану мәселелерін шешу көнінен колға алынуда. Осыған байланысты оқыту барысында көмекші құрал ретінде қолданылатын электронды оқулықтарда курстың бағдарламасы, лекция мәтіндері, пән практикумы, бақылау сұркартары мен тапсырмалары қамталған және ол білім берудің ақпараттық ортасын құрай отырып серверге орналастырылады. Сонда серверге тиелген электронды оқулықтардан студент қажет материалды алып, өзбетінше дайындалады. Бұл жағдай кредиттік оқыту жүйесіндегі өз бетінше окуды әдістемелік қамтамасыз ету мәселесін, қашықтан оқытуға байланысты интерактивті режимде жұмыс істеу мүмкіндігін шешетін және оқыту сапасын арттыратын бағыттағы жұмыстардың бірі.

Қоғамның ақпараттандырылуы әртүрлі салага есептеуіш техника құралдарының, жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың карынды енгізуімен тікелей байланысты. Бұл жағдай педагогтардың алдына ақпараттық қоғамның белсенді

мүшесін тәрбиелеу мәселесін бірінші кезекке қояды. Болашақ мұғалімдерді даярлау техниканың, дербес компьютердің және оның бағдарламалық жабдықтарының үнемі жаңалануына сәйкес түрде үйымдастырылуы тиіс. Бұл жағдай болашақ мұғалімдерді даярлау бағытында оқытылатын пәндердің мазмұндық тұжырымдамаларын, оқыту әдістемесін ұдайы жетілдіру қажеттілігімен анықталады.

Э.Т. Әділбекова диссертациялық жұмысында акпараттық-коммуникациялық пәндік орта ұғымын және құрастыру жолдарын талдай отырып, оны кредиттік жүйеде «Сандық әдістер» пәнін оқытуға қатысты акпараттық-коммуникациялық пәндік орта моделін 4-суреттегідей құрастырган.

Акпараттық және коммуникациялық технологияларды колдану арқылы шешілетін міндеттер төмендегідей сипатталады:

- қоғамның жаппай компьютерлендірілуі жағдайында білім беруде ғылыми-педагогикалық, әдістемелік, нормативті-технологиялық және техникалық дамуды негізге алу;
- акпараттық қоғамның ауқымды және кең көлемдегі коммуникациялық дамуы белең алған тұста оқыту мазмұнын сұрыптаудың әдіснамалық базасын, оқыту және тәрбиелеудің түрлері мен әдістерін құрастыруды жеке тұлғаны дамытуға бағыттап оқытуға сәйкестендіру;
- білім берудің әртүрлі салаларында акпараттандыру мен коммуникациялау құралдарын колдану, соның ішінде акпараттық және коммуникациялық технологиялар негізінде үйымдастырылған оқыту түрлерін, әдістерін және құралдарын қолданып, педагогикалық технологияны дамыта отырып жаңа инновациялық модельді құрастыру және оның тиімділігін негіздеу;
- білім алушының интеллектуалды потенциалын дамытуға, өздігінен білім алу іскерліктерін қалыптастыруға акпараттық ресурстарды жинақтау, өндеу, жөнелту, сактау іс-әрекеттерін жүзеге асыруға бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін құру;
- білім беру процесіндегі зерттеушілік эксперимент, оқыту-демонстрациялық үлгілердің электрондық құралдарын, яғни оқыту бағдарламаларын, инструментальды құралдар мен жүйелерді құрастыру;
- бүкіләлемдік акпараттық желілік ресурстарды интерактивті колдану және ауқымды телекоммуникация базасын акпарат алмасуда колдану әдістерін құрастыру;
- желінің телекоммуникациялық құралдарын ашық білім беру жүйесін үйымдастыруға колдану және желілік акпараттық ресурстарды педагогикалық мақсатта қолдану;

- оқушының білімін тексеру, интеллектуальды деңгейін бағалауға арналған психологиялық-педагогикалық тестілеу, диагностикалауды автоматтандыру құралдарын құру және колдану;


- жеке тұлға, оның интеллектуалды деңгейі мен дамуын анықтауда компьютерлік психологиялық-педагогикалық диагностикалау мүмкіндіктерін жүзеге асыру;

- білім беру саласында колданатын есептеу техникасы құралдарын, акпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың сапасын бағалауды жүзеге асыру;

- ғылыми-педагогикалық акпараттардың, акпараттық-әдістемелік материалдардың, берілгендер базасы және оларды коммуникациялық желілер арқылы өндеу процесін автоматтандыру негізінде білім беру жүйесін басқару механизмін жетілдіру.

«Сандық әдістер» пәнін оқытуға арналып құрастырылған акпараттық-коммуникациялық пәндік орта мультимедиалық бағдарламаларды, электронды оқулыктарды, электронды оқу басылымдарын және т.б. қамтиды. Пәннің акпараттық-коммуникациялық ортасы құрылымы жағынан Web – сайтқа ұксатып жасалынды. Мұнда белгілі бір такырыпқа арналған акпараттар болады, ол акпараттар мәтініне гиперсілтемелер арқылы әуыстырылады. Акпараттық-коммуникациялық пәндік орта компьютерлік Web – беттерден тұрады. Мұнда акпарат берудің интерактивті әдісі пайдаланылады. Акпараттық-коммуникациялық пәндік органдың алғашкы бетінде пән мазмұнын аштын негізгі такырыптарға гиперсілтемелер орналастырылу кажет. Мазмұнды аштын оқу материалдары мультимедиалы сипатта болып келеді, өйткені, жалаң мәтіннен басқа иллюстарциялар, анимациялар, дыбыс және бейне акпараттар да қамтылуы тиіс. Құрастырылған акпараттық-коммуникациялық пәндік ортада мамандық кешені: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, типтік бағдарлама, мамандық лицензиясы; пәннің оқу-әдістемелік кешені: силлабус, лекция материалдары, лабораториялық және практикалық жұмыс тапсырмалары, емтихан, кіріс бақылау, тест сұрақтары, курстық жұмыс такырыптары, пән бойынша құрастырылған электронды оқулыктар, пәннің мультимедиалық бағдарламасы, электронды үлгерімі журналы тіркелуі керек. Бұдан басқа акпараттық-коммуникациялық пәндік ортаға информатика пәнінен қатысты есептеу жұмыстарын автоматтандыруға арналған Excel электронды кестесі, Maple, MathCad, MathLab және т.б. арнайы математикалық орталар, Qbasic, TurboPascal, Delphi, VisualBasic т.б. программалар орталарды шақыру нұсқасында тіркеуге болады. Акпараттық-

коммуникациялық пәндік орта жөлі арқылы компьютерлерге таратылады.



4-сурет. Ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта моделінің құрылымы

Қажет жағдайда оқушы немесе студент оны кез келген компьютерден ашып, оқып, берілген тапсырмаларды осы ортаның өзінде орындаі алады. Ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта компьютердің интернетте программалау тілдерінің бірінде құрастыруға болады.

Ақпараттық-коммуникациялық пәндік ортасы колдану оқытудың іс-әрекеттік жүйесі, жеке тұлғага бағытталған оқыту, пәнаралық

байланысты жүзеге асыру, жүйелі түрде оқыту процестерін толық қамтиды. Әйткені, компьютерлік технологияның дамуына сай, дайын математикалық пакеттер мен есептеу процесін автоматтандыратын электронды кестелерді колдану арқылы оқыту жұмыстарында оқытуудың іс-әрекеттік жүйесі, жеке компьютерде жеке тұлғаның жұмыс жасауы, өзіндік тапсырманы орындауды арқылы көрініс табатын жеке тұлғага бағытталған оқыту, компьютердің бар мүмкіндіктерін қолдану, ақпараттық және математикалық мәдениетті қалыптастыра отырып, информатика және математика пәндерін үшгастыру нәтижесіндегі пәнаралық байланыс жүзеге асып, жүйелі түрде оқыту орын алады.

6.6 Инструментальды оқыту орталары

Пәнді оқыту орталары негізінен программалау тілдері көмегімен құрылған, Web сайт күру негізінде құрылған арнары орталар, программалау орталарын қолданып даярланған және қолданбалы программалық орталар, т.б.

Web сайттарда колданылатын гипермәтіндер тек қана ақпараттар смес, ақпараттарды іздеудің аппараты да болып табылады. Құрылымы жағынан ол материалдардан, гипермәтін тезаурусынан, негізгі тақырыптар тізімінен және алфавиттік сөздіктен тұрады.

1945 жылы Америкада ақпараттарды есеп түрінде, баяндама, жоба, графиктер, жоспарлар түрінде көрсету тәсілдерін талдау нәтижесінде гипотетикалық машинаның моделі құрастырылған («Мемех» машинасы). 20 жылдан кейін Теодор Нельсон ақпараттарды ассоциативті ойлау принципі бойынша орналастыру тәсілін ЭЕМ-де жүзеге асыруды ұсынған және оны **гипермәтін** деп атаған. Гипермәтін фрагменттерге бөлу және олардың арасындағы байланысты корсететін материалдар жиынтығын сзықты смес желілік түрге келтіру. Фрагменттер байланысы кілттік сөздерге мағыналық немесе семантикалық ұқсастыққа қатысты және соларға негізделіп орнатылады. Гипермәтін оған жана фрагменттер қосуға болатын, байланыстарды көнектүгө болатын еркін білімді терендесеттін технология.

Гипермәтін құрылымындағы ақпараттық материал өз кезегінде макалалар, макалалар атаулары, мәтіндер деп болінеді.

Макала атауы тақырыпты немесе сипатталатын объектінің атауларынан тұрады. Ақпараттық макала анықтамалардан, ұғымдардан тұруы шарт, ал ақпараттық макаладағы мәтін түсініктемелермен, мысалдармен, графиктермен, құжаттармен,

бейнекескіндермен қамтылады. Әдетте кілттік сөздер ерекшеленіп тұрады.

Гипермәтін тезаурусы – автоматтандырылған сөздік. Онда ақпаратты іздеу тілінің лексикалық бірлігі мен мағынасы бойынша сөзді іздеу арасындағы семантикалық қатыс бейнеленеді. **Тезаурус** термині XIII ғасырда Брунетто Лотикидің энциклопедияны атауы үшін енгізген термині. Грек сөзінен аударғанда «байлық», «қор» дегенді білдіреді. Негізгі тақырыптар тізімі анықтамалық мақалалар тақырыптарынан тұрады. Алфавиттік сөздік ақпараттық мақалалардың барлығын алфавиттік ретпен тұзу.

Колданушының бір объектіден екінші объектіге өтуі, енүі және оларды біргіндеп тандауы **навигация** делінеді. Навигация терминологиялық және тақырыптық болып бөлінеді. **Терминологиялық** – бір–біріне өтетін терминдерге тізбектей жылжу, ал **тақырыптық** – тақырып бойынша барлық мақалаларды окуға мүмкіндік алу.

Елімізде көптеген оку пәндерінен музейлерден, қалалардан саяхат маршруттарынан бейне энциклопедиялар құрастырылуда.

Ойын элементтері косылған тренажерлар құрастырылған. Бұл тренажерлар оқыту уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

«Виртуальды шыныбык» термині 1989 жылы енгізілген. Ол жасанды үш өлшемді әлемді, яғни киберкеністікті белгілеуге колданылған. Киберкеністікті мультимедиалық технологияның және арнайы құрылғылардың: шлемдер, көзілдіріктер, колғантар, т.б. көмегімен құрастырылады.

Компьютерлік анимацияға қарағанда киберкеністік нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін және детальдарды дәл көрсететін ерекшелігі бар. Басқаша айтсақ, адам объектінің қолемі бар түрде, яғни нақты өмірдегідей қабылдайды.

Интерфейстік ортаның бірі сабакта **интерактивті тақтани** колдану. Интерактивті тақталар тікелей және артжактан проекциялануы мүмкін. Артжактан проекциялау ынғайлы және окушыларға байқалмай тұрады, ал тікелей проекция үнемді. Мұнда DVIT технологиясы қолданылады, яғни кішкентай цифровын бейнекамералар экран бұрыштарына орналастырылып, экранға жанасу әрекеттерін бәрін ұстайды. Интерактивті тақтаға қатысты оның программалық жабдығы текстермен, объектілермен, аудио-бейне жазулармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Колмен жазылған мәтінді печаттық түрге аудыстырып, сактап, т.б. жұмыстарды аткарады.


Интерактивті тақтаниң құрамы:

- 1) **Графикалық планшет** – Active Panel Pro – үлкен аудиторияға үлкен проекциялық экранды қолдануда қажет.
- 2) **Электронды указка** – Active Wand – ұзындығы 54 см тақтаниң бар бұрышына жететіндей құрал.
- 3) **Планшет** – Active Tabled – компьютерлік тышқанды аудыстыратын құрал.
- 4) **Кері байланыс құралы** – Active Ote – тестілеу жүйесі, сұраққа жауап беруде, жауапты тандауда қолданылатын радиопульт.
- 5) **Радиопортты панель** – Active Slate – топтық презентация, конференция өткізгенде қолданылады.

Мектепте компьютерлі сыныпта орнатылады. Сабакта кез-келген программаны үйретуде (Word, Excel) жиі қолданылады. Программамен жұмыс бірден көрсетіледі. Егер мектепте мультимедиалық кабинет болса, онда интерактивті тақтани сонда орнатқан дұрыс. Бұл әртүрлі пәндерді өтуде компьютерді қолдану, тәжірибе алмасу әдістемелік шешімді көрсету мүмкіндіктерін береді.

7. Интерактивті тақтани қолдану

Интерактивті тақта – бұл баяндамашыға екі түрлі құралды: экран және маркерлі тақтани қолданып, жұмыс істеуіне арналған құрылғы. Интерактивті тақтамен жұмысты бастамас бұрын, оны компьютерге және проекторға косу керек. Тақтага экранға бейнеленген сиякты компьютерлік сигнал немесе бейнесигнал проекцияланады, сондыктan да тақта бетінде тікелей жұмыс істей береміз. Интерактивті тақта компьютердің қосымша құрылғысына жатады. Ол ACTIVstudio программының арқылы іске қосылады. Бұл құрылғы компьютер, мультимедиалық проектор және ақпараттарды снгізуға арналған ACTIVrep-нен (активті қалам немесе қалам) тұрады. 5-суретте интерактивті тақтаниң қосымша құрылғылары бейнеленген.



5-сурет. Интерактивті тақта құрылғылары

ACTIVpen құрылғысы

ACTIVpen қаламы компьютерді, колданбалы және операциялық программаларды басқарудан баска, сыныпта презентация өткізуге немесе үлкен жиындар өткізгенде экранда жұмыс жасағанда,

элементтерді немесе суреттерді таңдаған кезде ACTIVboard тақтасында қолданылады.

Тақтада жұмыс жасау барысында ACTIVpen қаламы «оздігінен бапталады». Тақта жаңа қаламға бапталуы үшін оны тақтаға жайлап жақындату қажет. Қаламның ұшы тышқаның СОЛ жақ батырмасының қызметін аткарады. Ал жанындағы батырма тышқаның ОН жақ батырмасының қызметін аткарады. ACTIVpen қаламы бұл мендерді басқару құрылғысы және компьютер мен тақта арасындағы байланысты іске асыруши құрылғы.

Активті қалам мен пернетақта арасындағы байланыстылық:

Ctrl+A – мәтінді редакторлеу барысында мәтіндік алаңдагы мәтіндерді таңдау.

Ctrl+B – таңдаған мәтіннің қарпі қарайтылған.

Ctrl+C – таңдалған объектілерді алмастыру буферіне көшіру.

Ctrl+G – таңдалған объектілерді топтау.

Ctrl+I - алынған мәтіндерді курсивке өзгертеді.

Ctrl+N – жаңа Флипчартты құру.

Ctrl+O – **Мои Флипчарты** бунасын ашу.

Ctrl+V – таңдалған объектілерді кою.

Ctrl+X – таңдалған объектілерді киып алу.

Ctrl+Z – әрекетті болдырмаяу.

Активті қалам мен тышқан құрылғысы арасындағы байланыстылық 6-суретте келтірілген.

ИНТЕРАКТИВТІК ТАҚТАНЫң «АКТИВТІ ҚАЛАМ» ҚҰРЫЛҒЫСЫ МЕН ТЫШҚАН АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫЛЫҚ



6-сурет. Активті қалам мен тышқан құрылғысы байланысы

ACTIVboard-қа калибровка жасау

ACTIVboard калибровка процедурасы кез келген уақытта тез және оңай орындалады. Егер де ACTIVboard тақтасы және проекциялық құрылғы стационарлы болса, онда калибровканы басқа компьютерді косқандаған жасауға болады. Егер проекторды немесе үстелді басқа орынға аудиостырганда (немесе ACTIVboard тақтасын орнықтырылған қабырғадан аудиостырса) немесе сеанстың соңында калибровканы жұмыс жасау барысында қайтадан қалыпка келтіруге тұра келеді.

Калибровка жасау үшін, сол жақ төменгі бұрыштағы таңбаны басып, төменгі әрекеттерді орындау қажет.

Windows жүйесі орнатылған компьютер үшін калибровка программысы мына түрде орнатылады. Компьютерде орнатылған Windows жүйесінен калибровка программысын, тапсырмалар тақтасының жүйесіндегі таңба драйверінде тышқанның оң жақ батырмасын шерту.

Макинтоша компьютері үшін System Preferences экранында ACTIVboard таңбасын екі рет шертіп, калибровка программысын іске қосып, ACTIVboard-тан Calibrate командасын орындауда көшу қажет.

Калибровка программада қаламды активті облыста басқаннан кейін экранда калибровка таңбасы пайда болады. Асықпай бұл таңбаның ортасына қаламды шерткеннен кейін келесі таңба пайда

болады. Бес калибровка таңбасын шерткеннен кейін, программа автоматты түрде жабылады. Осымен ACTIVboard жүйесіндегі калибровка аяқталады.

Activstudio Professional Edition дегеніміз не?

Activstudio Professional Edition – мұғалімдерге интерактивті сабактарды өткізу барысында Activ – тақтада қолдануға негізделген программалық құрылғы.

Activstudio-ны іске қосу

Жұмыс үстеліндегі Activstudio Professional Edition таңбасына Activpen қаламымен екі рет шерту қажет.

ACTIVstudio программына кіріспе

ACTIVstudio PE программы арнайы презентацияларды өткізуғе және оны сабак барысында қолдануға негізделген программа. Бұл программа ACTIVboard және ACTIVpen қаламымен жұмыс жасау үшін жасалған ACTIVstudio программының мүмкіндіктері өте көп. Атап айтқанда, презентацияларды құруға, откізуғе, материалдарға арнайы эффектілер қосуға, негізгі кезендерді көрсетуге, көрсеткіштерді қосуға, қосымша акпараттарды енгізуға және басқа да көптеген мүмкіндіктері бар.


Интерактивті тақтада слайдтар, бейнематериалдар көрсетілүмен катар, сурет салу, схема сыйзу, ерекшелеу, т.б. жұмыстарды нақты уақыт режимінде орындаپ, оны компьютерлік файл түрінде сактап коюға, принтерден шығаруға, факс және электронды почта арқылы жөнелтуге болады.

ACTIVstudio-ның көптеген құралдары бар, атап айтқанда, объектілер құратын, арнайы эффектілер снгізетін презентацияда интерактивті элементтерді қолданатын. Бұл құралдарды нақты презентацияларда пайдалану үшін құралдар панелінің көмегі қажет (7-сурет).

Флипчарт

Флипчарт – бұл бірнеше беттерден тұратын негізгі жұмыс аймагы. Бұл аймакта презентацияны құруға және оны демонстрациялап көрсетуге қажетті құралдардың барлығы берілген. Бірнеше флипчарттарды бірден ашып коюға, бір флипчарттан келесі флипчартқа өтуге, объектілерге сілтемелер коюға немесе объектілерді бір мезетте келесі бетке көшіруге болады. Флипчартты баспа құрылғысынан шығаруға немесе әр түрлі форматтарда экспорттауға болады.

Жұмыс үстелінің күрылымы



7-сурет. Жұмыс аймағының элементтері

Флипчарттың кескіні

ACTIVstudio программасы іске косылғанда бірден компьютердің экранына сәйкес келетін жаңа флипчарт күрылады. Бұл бірінші флипчарттың колдануға дайын беті. Флипчарт арнайы батырмасын басқаннан кейін ғана іске косылады. Бұл батырмыны ActivStudio мен Windows арасында байланыс жасауға колданылады (8-сурет). Электронды тақтадағы жазу арнайы электронды перомен жазылады. Баяндамашы маркерді алғып, тексті жөндең, сзып, ерекшелеп, коршап қоя алады. Сонда сенсорлық күрылғы электронды тақтаға тиісу, жанасу процесін байқап, оны электронды сигналдарға трансляциялады. Тақтада маркерді және өшіргішті қоятын орын болады. Маркерлер үш түсті – жасыл, қызыл, көк. Қайсы маркер таңдалатыны туралы алдын-ала компьютерге енгізу керек. 9-суретте негізгі күралдар тақтасы көлтірлген.



Такырыш катары – негізгі күралдар тақтасын орнықтыру үшін оны шертіп аудыстыруға болады.

Басты Меню батырмысы – күралдар тақтасы және баптау параметрлерін баптауға ActivStudio функцияларының кілті болып табылады.

Жоғары-төмен жылжыту батырмасы – экранда орын босату үшін, негізгі күралдар тақтасын жабады.

ActivStudio-ның күралдар тақтасының күрылымы

- ❶ Негізгі күралдар тақтасы
- ❷ Ариайы күралдар тақтасы
- ❸ Флипчарттың күралдар тақтасы
- ❹ Объекттің редакторлеу күралдар тақтасы
- ❺ Беттің редакторлеу күралдар тақтасы
- ❻ Тез таңдау күралдар тақтасы



8-сурет. Күралдар панельдері

Ішкі-сыртқы жабу батырмасы – жарлық жолын көрсетеді және оны жасырады.

Флипчарт батырмасы – ActivStudio мен Windows косымшасынаң арасында флипчарттыңды көрсетеді немесе оны жасырады. Егер жаңа флипчарт күрылмаған болса, онда оны құрады.

Жұмыс үстелінде аннотация жасау. Жазу жазып немесе оны жұмыс үстелінде Windows косымшасында орнықтыру.


Қаламның жалпақтығын таңдау. Қаламның, маркердің және өшіргіштің қалындығын әр түрлі көлемде таңдау үшін шертіп, орналастыру.

Түстер палитрасы. Флипчарттың объектілерінің түсін таңдау.

Еркін таңдау күралы. Бір немесе бірнеше объектілерді таңдау үшін оны шертіп, оларды редакторлеуге, баскаруға және оны араластыруға мүмкіндік береді.

Қалам күралы. Флипчартта аннотация жазуға немесе сурет салуға болады.

Негізгі құралдар тақтасы



9-сурет. Негізгі құралдар

Маркер құралы. Жұка қаламмен мәтінді, аннотацияны және кескінді белгілейді.

Өшіргіш құралы. Флипчарттағы объектілерді жасыру үшін колданылады.

Мәтін құралы. Флипчартқа тақырып немесе ескертулер қосады.

Тазалау құралы. Флипчарттың бөлімдерін және накты касиеттерін өшіреді.

Болдырмау. Флипчартта орындалған соңғы командаларды немесе редакторлеуді толығымен қалпына келтіреді.

Кайтару. «Болдырмау» батырмасын басқанға дейінгі жағдайды кайтарады.

Бұркемелеу құралы. Флипчартты жасырып, соынан оны төрт жағынан – жоғарыдан, төменинен, сол жағынан және он жағынан көрсетеді.

«Проектор» құралы. Көрсетілген аймактың ортасынан басқаның бәрін де бұркемелеп көрсетеді.

Фотоаппарат құралы. Флипчартта пайдаланылатын экрандағы суреттерді суретке түсіреді.

Беттің қолемі. Флипчарттың бетін ұлкейтеді немесе кішрейтеді.

Арнауы құралдар. Арнауы құралдар тақтасы арқылы таңдау.

Тану құралы. Колданушының қолмен жазған жазуын машиналық жазбаға айналдырады, геометриялық фигураларды түзудейді.

Қую құралы. Накты аймакты түспен толтырады.

ACTIVote. Тестілеу құрылғысы.

Жаңа флипчарт құру

Жаңа флипчарт құру үшін, Меню – Флипчарт – Құру командасын орындау кажет. Параметр мәзірінің тізімінен өлшемді таңдау керек:

Экран өлшемі ACTIVstudio алдыңғы экранның көлеміндегідей жаңа флипчарт құрады. Мысалы: компьютерде 640x480 пиксел орнықтырылған болса, онда флипчарттың көлемінің ені – 640, ал биіктігі – 480 пиксел болады.

Стандартты флипчарттың өлшемдері: 800x600 немесе 1024x760 пиксел болады.

Баптау - Сұхбат терезесінің көмегімен флипчарт бетінің көлемін құруга мүмкіндік береді.

Флипчартты жабу үшін тақырыптың он жақ шетіндегі «Жабу» батырмасын басу керек. Флипчартты кез келген өзгерістер сакталмаған болса, онда сактауға сұраныс шығады.

Сакталған флипчартты ашу

Мәзір – Флипчарт - ... ішінен Ашу командасын орындағанда келесі параметрлердің бірі таңдау кажет:

Менің флипчарттарым...	Кітапхана ресурсының бөлімінен «Менің кітапхана ресурсым» бұмасына оту.
Жалпы флипчарттарым...	Жалпы кітапхана ресурсына ауысу бұмасына оту. Флипчарт файлын таңдап, Ашу немесе Болдырмау батырмаларын басу керек.

Басқа	Басқа каталогтардан флипчартты ашуға және тандауға бумаляр... мүмкіндік береді. Бумаға өтіп, Ашу немесе Болдырмау батырмасын басу керек.
-------	--

Кітапхана ресурсының толық мүмкіндіктерін флипчарт құрғанда пайдалануға болады. Мұнда суреттер мен дыбыстар қосылған қолдануға ыңғайлы аяқталған іс-әрекеттер, оку жоспарлары, т.б. бар. Онда көптеген дайын ресурстар жинақталған. Кітапхана ресурсын қолдану үшін, оны алдымен іске косамыз: флипчарт құралдар

тактасынан «Кітапхана ресурсы» батырмасын  басу керек. Ресурстар топтамасына сілтеме жасалған батырмалар панелі 10-суретте бейнеленген.



1. Жалпы / Менін коллекциям
2. Жалпы / Менің түсім
3. Жалпы / Менің торым
4. Жалпы / Менің кескінім
5. Жалпы / Менің мәтінім
6. Жалпы / Менің формам
7. Жалпы / Менің сызбам
8. Жалпы / Менің ескертпем
9. Жалпы / Менің дыбыстарым
10. Жалпы / Менің флипчартым
11. Жалпы / Менің флипчарт беттерім
12. Жалпы / Менің лентам
13. Жалпы / Менің көрсеткіштерім
14. Жалпы / Менің бейнем
15. Жалпы / Менің веб-сіттерлерім
16. Жалпы / Менің іс-әрекеттерім

10-сурет. Кітапхана ресурстары

Сонымен, Интерактивті құралдардың келесі ерекшеліктерін атап отуғе болады:

1. Бормен тақтаға жазылған кескінді, интерактивті тақтадағы түрлі түсті айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды.
2. Такта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру киын әрі мүмкін емес.
3. Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады.
4. Сабакта ACTIVote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады.
5. ACTIVwand указкасының көмегімен тақтаның жоғарғы бөлігіне кішкентайларға да кол жеткізуге мүмкіндік береді.
6. Сабакта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.
7. Сабактың онімділігі артады.
8. Окушылардың білім деңгейлерінің есуіне оң әсер етеді.

8. Macromedia Flash технологиясы

Компьютерлік технологиялардың ішінде Flash - анимациялардың алатын орны ерекше. Сондыктан да Macromedia Flash технологиясына жеке тоқталуды жөн көрдік.

Flash технологиясы Flash Shockwave (SWF) форматты векторлық графиканы колдануға негізделген. Shockwave векторлық форматтың алғашқысы болмағанымен, оны құрастырушылар графикалық бейнелеу мүмкіндіктерін, онымен жұмыс істеуге арналған аспаптың құралдарды және оларды колдану нәтижесін Web-бетке косу механизмімен жақсы үйлесімділікте колдана білді. Мұнымен коса SWF-ның жарамдылығы жағынан да артықшылығы бар, яғни бұл формат кез келген аппараттық-программалық платформада колданыла береді (көбінесе MacOS операциялық жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін Macintosh компьютерлерінде және Windows операциялық жүйесінде жұмыс жасайтын IBM компьютерлерінде). Тағы бір ерекшелігі оның негізінде жасалған бейнeler тек анимацияланып кана қоймайды, сонымен қатар интерактивті элементтер және дыбыспен сүйемелдеумен жетілдірілген. Интерактивті мультимедиалық программалар жасау мүмкіндігі Web-дизайнерлер арасында SWF форматының танымдылығының тез есуіне көмектесті. Мұндағы аспаптардың бір бөлігі мультимедиалық презентациялар (Macromedia Director Shokwafe Studio) құруға бағытталған болса, басқалары графикалак бейнeler (Macromedia FreeHand және Macromedia Fireworks) дайындауға арналған, ал үшінші бір бөлігі интерактивті оқыту курсын (Macromedia uthorware және Macromedia CourseBulider) жасауды қамтамасыз етеді. Сондыктан да казіргі кезде Web-публикация өндірушілері арасында Macromedia Flash басым қолданысқа ие. Ол сайттардың танымалдылығына оте үлкен септігін тигізеді. Сонымен, Flash-технологиясын құраушылардың келесі ерекше мүмкіндіктерін көлтіруге болады:

- векторлық графика;
- бірнеше анимация түрлері;
- импорттаратын графикалық форматтармен ара-катаинас;
- синхрондық дыбыстар косу мүмкіндігі;
- Flash фильмдері HTML форматында, сонымен қатар Интернетте қолданылатын кез келген графикалық форматтарда экспорттауды қамтамасыз ету;
- платформалық тәуелсіздік;
- Flash-фильмді автономдық режимде, Web-броузер құралдарында көру мүмкіндігі;

- Flash-фильм жасауышыны көптеген ескірген операциялардан, сондай-ақ Flash-технологиясын жүзеге асыратын техникалық аспектілерді жеке-жеке болшектеп оқу киындығынан құтқарады.

Осы айтылғандардың ішінен Flash-анимациялар құруға тоқталайык.

Flash-тегі анимация козғалыска келтіруде қолданылатын объектілердің қасиетін өзгертуге негізделген. Мысалы, мультфильмдерді құрастыруда объектілердің пайда болуы немесе жоғалуы оқиғалары орын алады. Сондай-ақ объектілер бастапқы орнын, формасын, өлшемін, түсін, мөлдірлігін т.б. өзгертуі мүмкін. Сондыктан да Flash-те объектілерді анимациялаудың үш түрлі механизмі қарастырылған:

- Кадрлап (“классикалық”) анимациялау – автор, құрып отырган анимациялық өнімінің әр кадрын өзі безендіріп отырады.

- Автоматты анимация (tweened-анимация), автор-құруши тек алғашкы және соңғы кадрларын жасайды, ал Flash аралық кадрларды өзі генерациялайды. Tweened-анимацияның екі түрі бар: объектілерді жүргізуге негізделген (motion-animation) және объектілерді трансформациялауға (формасын өзгертуге) негізделген (shape-animation);

- Сценарийге негізделіп құрылатын анимация, сценарий объектілердің өзгеріп отыруын Flash-тің өз тілінде сипаттайтын ActionScript деп аталағы. Бұл тілдің синтаксисі Web-публикацияда қолданылатын басқа да сценарий тілдерінің мүмкіндіктеріне (мысалы, JavaScript және VBScript) ұқсас.

Бұл келтірілген механизмдердің әрқайсысының артықшылықтары жетерлік, алайда аздаған кемшіліктері де бар. Көп жағдайда tweened-анимация қолданыста, ойткені, оның қарапайым сюжеттер жасауға ғана күші жетеді. Ал ActionScript сценарийлері арқылы объектілердің жетерлікей құрделі құбылыстарын жасақтауға болады, бірақ ол үшін ActionScript тілін жетік үйрену керек. Басқаша айтканда, Flash технологиясын қолданушы өзіңіздің жұмысына кіріспей тұрып, оны жүзеге асыру механизмінің түрін тандал алуы керек.

Сонымен, Flash технологиясының жоғарыда келтірілген ерекшеліктері қашықтан оқыту құралдарын жасақтауда тантрымайтын қурал. Сондыктан да ол Web-арналардың жұмыстарын үйымдастыруды, мультимедиалық курстарды программауда, демонстрациялық және проблемалық лекцияларды әзірлеуде, оқыту құралдары мазмұнының анимациялық эффектілерді косуды талап ететін тұстарында жиі қолданылады.

9. Қашықтан оқыту мәселесі

Қазіргі кезде білім берудің ашық жүйесін дамыту қолға алынуда. Ақпараттық білім беру ортасы түрлі оку орындарының ресурстарын интеграциялау жолымен толық біркітіруге арналған. Ақпараттық білім беру ортасы білім беру жүйесінің ресурстарын интеграциялайды және олардың негізінде оку орнының орналасқан жеріне тәуелсіз пайдаланушыға қажетті білім беру қызметін өтеу принципін іске асырады. Ашық білім берудегі ақпараттық білім беру ортасы – инструментальды технологиялық орта болып табылады және ол халықаралық стандарттар мен корпоративті келісімдерге сүйенеді. Бұл оку орындарын, сонымен қатар басқа да ақпараттық және білім беру жүйелерін интеграциялайды.

Дамыған шет елдерде типтік бағдарламалар жиынтығымен жабдықталған және өзара барлық ережелер жүйесімен әрекеттесетін бірыңғай көптеген серверлерден тұратын ашық оқыту жүйелері бар. Мысалы, ресейдің «Виртуалды университеті», ағылшының «Ашық университеті», т.б. Әдетте бұл жүйелер инструментальды құралдардың және ішкі жүйелердің типтік жиынтығынан құралған білім беру қызметтерінің әртүрлі формаларын іске асыратын оку орындарының виртуалды өкілділігін құрайды. Түрлі оку орындарының біртіпті ішкі жүйелері біріге отырып, ашық білім берудің ақпараттық білім беру ортасындағы мемлекет көлеміндегі бірыңғай жүйесін құрайды.

Қашықтан оқытуға катысты мәселелер Д.Киган, Б.Холмберг, Р.Деллинги, Ф.Ведемеер, М.Мур, О.Петерс, Дж.Боат, Дж.Даниел, К.Смит, Е.Ы.Бидайбеков, Г.К.Нургалиева, Т.Балықбаев және басқа да ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

Қашықтан білім беру дегеніміз – белгілі бір қашықта отырып, спутникті теледидар арқылы немесе радио, компьютерлік телекоммуникация және де басқа байланысу орталары көмегімен танымдық оқып-үйрену мақсатындағы ақпараттармен өзара алмасу тәсіліне негізделген, мамандандырылған білім беру орталарының қалың бұқарага көрсететін танымдық іс-әрекет жиыны.

Қашықтан оқыту - ақпараттық, компьютерлік телекоммуникациялық құралдар көмегімен ғылыми түрғыда негізделген тәсілдер арқылы білім беру түрі.

Күндізгі оқытумен салыстырғанда қашықтан оқыту бірқатар артықшылыктарға ие болып отыр:

- жеделділік (кеңістіктік және уақыттық кедергілерді жену, өзекті, “тың” ақпараттар алу, жедел кері байланысты орнату);

- ақпараттық (тұтынушыға интерактивті веб - арналардың көмегімен ақпараттардың жеткізілуі; телеконференцияларда және интернет желісінің басқа да құралдарында жариялану);

- коммуникациялық (сабактарды, олимпиадаларды өткізуде, жобаларға қатысада аймақтық шектеулерді жою);

- педагогикалық (оқытудың интерактивтілігі, дараландырылуы; оқушы жұмыстарының желісінде жариялануы және оларды сараптау мен бағалаудың жеңілдетілуі);

- психологиялық (оқушыға өзін таныту үшін қолайлы жағдай жасау; оқытушымен қарым-қатынаста психологиялық кедергілердің болмауы);

- экономикалық (жол шығындары және үй-жайды жалға алу және т.б. шығындарды үнемдеу есебінен окуга жұмсалатын жалпы шығындарды көміту);

- эргономикалық (оқушыға сабак кестесін ыңғайландыру, техника мен басқа да білім беру құралдарын таңдауға және пайдалануға мүмкіндік беру).

Қашықтан оқыту - адамның білім алуына және өзіне қажетті ақпараттарды әртүрлі білім көздерінен іздестіруге деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі. Қашықтан білім беру жүйесі негізінен адамның өндірістен қол үзбей жоғары білім алуына, Қазақстан азаматтарының шетелдерде, ал шет ел азаматтарының слімізде білім алуына, сондай-ақ, халықаралық білім беру кеңістігінде ғылыми атактарды алуына мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту біздің еліміздің жоғары оку орындарында 2004 жылдардан бастап нық енгізілді. Орта мектептер қашықтық курстарын даярлау жұмыстарын енді қолға алып жатыр.

Қазақстандағы қашықтан білім беру жүйесінің мақсаттары ЮНЕСКО – ның әлемдік қауымдастықтың алдына қойған ғаламдық мақсаттарымен сәйкес айқындалады. Олар:

1. Жекеленген, икемді бағдарламалар бойынша оку мүмкіндіктерін берудің есебінен білім алушылардың сапалық тұрғыда жана академиялық ұтқырлығын камтамасыз етуге жағдай жасау.

2. Отандық білім берудің дәстүрлеріне, әлемдік озық педагогикалық тәжірибе мен ақпараттық технологияларды пайдалануға негізделген кешенді білім беру бағдарламасының есебінен білім берудің жоғары сапасы мен стандарттарын сактай отырып, дамыту.

3. Қазақстан жоғары мектептерінің білім көрларын жинақтауға, сактауға және көбейтуге, телекоммуникациялық технологияларды колдану арқылы оларды өзгерту, жаңалау және тарату.

4. Қазақстанды әлемдік білім беру кеңістігінде орнықтыру.

5. Дене кемістіктері бар немесе білім беру процесінің дәстүрлі нысандарының шенберінде окуга мүмкіндігі жоқ адамдардың білім алуына мүмкіндік жасау.

6. Жоғары оку орындарының Қазақстан территориясында біркелкі орналаспауына байланысты туындастын әлеуметтік проблемаларды шеше отырып, азаматтарға тұрғылықты жерінде тұрып, өндірістен кол үзбей білім алу мүмкіндігін беру.

7. Білім беру қызметін экспорттау есебінен дамыту.

8. Экономиканың басым салаларын білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін мамандарды кең көлемде, әрі сапалы даярлау, қайта даярлау және кәсіптік біліктіліктерін арттыруды жүзеге асыру.

Білім беру процесі окушы мен оқытушы, оқытудың максаты, мазмұны, оқыту әдістері, құралдары мен оқыту түрлерінен тұратын біртұтас педагогикалық жүйе түрінде қарастырылатыны белгілі.

Қашықтан оқыту жүйесінде көрсетілген элементтерге окуматериалдық, идентификациялық-бакылау, нормативті-құқықтық, қаржылық-экономикалық және маркетингтік түріндегі ішкіжүйелер косылып, жалпы саны он екіге жеткізіледі.

Оқыту түрлерінің ішінен қашықтан оқыту жүйесінде жиі қолданылатыны: демонстрация, иллюстрация, түсіндіру, әңгімелу, тапсырмаларды орындау, есептер шығару, жазба жұмыстары, қайталау.

Қашықтан оқыту жүйесінде келесі оқыту құралдары қолданылады:

- Кітаптар (дәстүрлі және электронды нұскадағы).
- Желілік оку материалдары.
- Компьютерлік оқыту жүйелерінің қарапайым және мультимедиалық нұскалары.
- Аудио оку-ақпараттық материалдары.
- Бейне оку-ақпараттық материалдары.
- Қашықтағы лабораториялық практикумдар.
- Тренажерлар.
- Берілгендер және білім корлары.
- Электронды кітапханалар.
- Эксперттік оқыту жүйелері негізіндегі дидактикалық материалдар.
- Геоакпараттық жүйелер негізіндегі дидактикалық материалдар.

Қашықтан оқыту процесінің ақпараттық-техникалық жабдықталуы маңызды мәселенің бірі. Ол техникалық тұрғыда негізінен телекоммуникациялық технологиялар көмегімен шешілсе,

бағдарламалық тұрғыда веб-сайттар мен электронды окулықтардың болуын талап етеді.

Қашықтан оқытуда білім беру процесі үздіксіз байланыстағы түрде және кезендік байланыста ұйымдастырылады. Қашықтан оқытуда байланысу уақыттары мен ұзактығы әртүрлі болады. Кейбір сәттерде оқыту процесі кезінде байланысу тіпті аз болуы мүмкін.

Қашықтан оқытуда дәстүрлі оқыту түрлері: лекция, семинар, лабораториялық сабак, бақылау жұмысы, сынак, емтихан, кеңес беру, өзіндік жұмыс және т.б. белгілі оқыту түрлері қалыптасқан және олардің өзіндік ерекшеліктері де бар. Қашықтан оқыту жүйелерінде олар үздіксіз байланыстағы және кезендік байланыстағы оқыту орталықтарында орындалады.

Оқыту орталары компьютерлік технологияны қолданғанда келесі лекциялық сабак түрлерінде жүзеге асады:

- демонстрациялық сабак;
- иллюстративті – түсіндірмелі сабак.

Қашықтан оқытуда лекция окушы дайындығының теориялық негізін құрайтын оқыту түрі бола отырып, лекциялар окушыны белсенді танымдық іс-әрекетке ынталандырады, олардың шығармашылық ойлаудың қалыптастыруға ықпал етеді. Әдетте лекциялар курсында оку бағдарламасына сәйкес материалдар бірінен кейін бірі тізбектей беріледі. Оның кіріспе, тағайындаушы, қалыптасқан, шолу және қорытынды бөлімдері бар. Қашықтан оқыту жағдайында тағайындау лекцияларының орны ерекше. Лекцияға койылатын жалпы талап толық сакталады, яғни ғылыми мұнайы, түсініктілігі, түрі мен мазмұн бірлігі, оку пәндерінің басқа түрлерімен тығыз байланысы.

Демонстрациялық сабакта көбіnde презентациялық материалдар, көрнекі құралдар суреттері, анимациялық эффектілер, мультимедиалық мүмкіндіктер қолданылады. Презентацияларда электронды кестелер, графикалық редактор, текстік редактор мәліметтері қолданылады.

Қашықтан оқытуда лекцияларды нақты уақыт режимінде және косымша уақытта да, фронтальды түрде және жеке окушыға да арнайы өткізіле береді.

Лекция мынадай өте маңызды міндеттерді шешуге тиісті:

- ғылыми негіздер туралы білім беру;
- ғылым ұстанымдарымен, зандыштарымен таныстыру;
- ғылымға қызығушылықты ояту;
- білімді практикада қолдану жолдарын көрсету;
- ізденімпаздықты, шығармашылықты дамыту;

- танымдық мотивтерін қалыптастыруға тәрбиелік әсер ету;
- студенттердің өздігінен жұмыс істеуіне бағыт беріп отыру.

Оқытушы электронды лекцияны дайындағанда негізінен үш нәрсеге көніл аударады: лекцияның мазмұнына, әдістемелік тәсілдеріне және құрылымына. Лекцияның мазмұнын оқытушы оку бағдарламасы, окулық, оку құралдарына қарап аныктайды. Бірақ бағдарламадағы көрсетілген барлық нәрселелерді түгелдей лекцияда баяндау міндетті емес. Солардың ішінен ең негізгі түйінді мәселелерді айырып, ғылымның соңғы жаңалықтары мен табыстарын озат тәжірибемен байланыстырып беруді мүкият ойластыру қажет.

Лекцияда оқытушы өзінің материалын монологты түрде баяндап, дискіге жазудан басқа, қандай әдістерді, тәсілдерді, техникалық және көрнекі құралдарын колдануды, компьютер мүмкіндіктерін, бағдарламалық орталарды колдануды ойластырады.

Лекцияда проблемалық сұраптар, тапсырмалар, міндеттер койып, проблемалық жағдайлар тудырып, оқушының шығармашылық сипаттағы іздену қабілетін дамытуға осер етуге болады.

Практикалық сабактарда арнайы программалық ортамен жұмыс, Web шолушылармен жұмыс, бейне телеконференцияларга катысу жүзеге асырылады.

Оқушы практикалық жұмыс кезінде оқытушының көмегімен, әр түрлі педагогикалық әдіс-құралдар арқылы өмірде болатын әр алуан құбылыстарды үйренеді.

Оқушылар баяндамашы, оппонент рөлінде мәселе, міндеттерді шешуде біліктілігі мен дағдысы арқылы дәлелдеме келтіру, оз көзкарасында тұру, теориялық дайындық деңгейін демонстрациялауға үйренуі керек. Басқа да жеке мақсаттар мен міндеттер, яғни оқытушының семинар сабактарының алдына қойған міндеті: кайталау, бекіту, бақылау - негізгі мақсатқа бағытталуы тиіс. Семинар сабактары оқытушының басшылық рөлі негізінде болашақ мамандын, өзіндік ізденімпаздық жұмысы тұрғысындағы оқытудың тиімді формасы болып табылады. Семинар барлық оку жұмыстарымен, әрсесе лекция және оқушылардың өзіндік жұмыстарымен байланысты. Сондықтан, семинар сабактарының мән-мазмұны лекцияның сапасы мен оқушылардың өзіндік дайындығына байланысты.

Оку пәндері бойынша семинар сабактары оқытушының басшылығымен, үйимдастыруы, бағыттауы арқылы пікірталас түрінде отеді. Семинарда оку бағдарламасының маңызды тараулары мен тақырыптары талданады. Сондай-ақ, студенттердің дайындаған бағдарламалары мен рефераттары талқыланады. Реферат

тақырыптарын оқытуши оқушылардың дайындық деңгейіне қарай дайындаиды. Кейде оқушыларға өздерін қызықтыратын тақырыптарын тандауға мүмкіндік беріледі.

Арнайы семинарлар. Бұл - лекция тақырыбына байланыссыз зерттеу негізіндегі, болашақ маманға қажетті, жеке ғылыми-практикалық мәселеге бағытталған, терең білім алу мақсатындағы семинар түрі. Арнайы семинар тәжірибелі мамандың баскаруымен отіп, ғылыми сипатқа ие болады. Ол оқушылардың бірігіп жұмыс істеуіне, ұжымдық ой-өріске, шығармашылыққа үйретіп, танымдық және кәсіби мотивтерін қалыптастырады.

Семинар сабактарында кәсіби дайындықты аныктайтын, күрделі және қыын игерілетін тақырыптар алынады. Бұл тақырыптарды тек кана жеке жағдайда емес, керісінше әр оқушының белсенді қатысуын қамтамасыз ететін ұжымдық жұмыс.

Семинар сабактарының пәндей мазмұнымен катар, оның дидактикалық талдауын жүзеге асыру қажет, яғни проблемалық сипатта пікірталас, талдау, білімін шығармашылық сипатта колданудың әдістемелік негізіндегі формасын табу.

Лабораториялық жұмыстар теориялық білімді практикада қалыптастыруға бағытталғандықтан мультимедиалық технологиялар, имитациялық модельдеу құралдары және т.б. колдана отырып даярланады. Қебіне техникалық мамандыққа даярлауда оқытылатын пәндерде талап етіледі және лабораториялық құралдарды компьютерге тіркеу мәселесі алдыңғы шепке шығып, біршама киындықтар туғызады.

Кеңес беру оқушының жұмысын баскаруға бағытталған, тындаушыға оку материалын өзбетінше игеруге көмек көрсету мақсатында үйимдастырылатын оқыту түрі. Мұнда телефон және электронды почта жиі қолданыска ие. Қашықтан оқытудағы дәстүрлі емес сабак түрлері:

- арнайы семинар, пікірталас, ойын түріндегі семинар;
- чат сабак;
- телеконференция, конференция сабагы, бейнеконференция, интерактивті тақтани колдану сабагы;

Қашықтан оқытылатын шолу сабагы - курстың мақсатын, міндеттерін және курска қатысты жалпы мәліметтерге шолу жасайды. Шолу сабагы дайын материалдарға немесе педагогтың өз тәжірибесіне негізделуі мүмкін. Шолу сабагы материалдарының мазмұны мен құрылымын мәтін және сызба түрінде, мысалы, Chat форматында береді, себебі ол экраннан окуға ынғайлыш және сабак нақты уақыт режимінде жүргізіледі.

Жеке сабак - проблемалық сұраптарға байланысты кеңес беру түрінде өтеді. Мұндай сабактарды жоспарлаганда оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру керек.

Веб-сабак - телебайланыс құралдары көмегімен откізіледі.

Веб-сабак әдістемесі. Веб - сайтқа арналған қашықтан үйымдастырылатын сабак материалдарын құру жоспарын құрастырайық.

Веб-сабакты жасау алгоритмі оку материалының мазмұны мен құрылымын қамтиды, мысалға, бір веб-сабак үлгісін көрсетсек:

1. Сабактың тақырыбы, түрі мен формасын анықтау.

2. Жұмыс мақсатын құру.

3. Негізгі тақырыптық блоктарды анықтау. Сабак түріне байланысты мынадай блоктар анықталады:

- мотивациялық блок;
- диагностикалық блок;
- кіріспе блок;
- анықтама материал;
- терминдер мен түсініктердің, т.б. түсіндірмесі;
- проблемалық блок;
- вариативті блок;
- шығармашылық тапсырмалар;
- жаттыгулар;
- түрлі класификациялар;
- кеңес беру блогы;
- бір сабак түрінен екіншіге көшу блогы;
- марапаттау блогы;
- бақылау блогы;
- пікір беру;
- тест блогы;
- рефлексия блогы;
- өзін-өзі бағалау блогы.

4. Эр таңдалған блокқа сәйкес оку мазмұны беріледі. Барлық материалды қамтитын блок-схема берген пайдалы.

Веб-сабак материалдары тек кана оқушының оқып-үйренуі үшін ғана емес, оның ол материалдарды талдауы, жоспар құруы, орындау амал-тәсілдерін өздері іздеуінен тұрады.

Сондыктан да веб-сабактың түрлері көп: веб-квест негізіндегі сабак, веб-формула түріндегі конференция, семинар, іскерлік ойын т.б.

10. Білім беруде ақпараттық коммуникациялық технологияның қолдану бағыттары мен болашағы

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар педагогтың мүмкіндігін күшейтетін қуал. Оларды психологиялық, дидактикалық тұрғыдан талдап, педагогикалық талаптарға сай қолдану керек. Бірақ ол мүғалімді толық алмастыра алмайды.

Көбіне компьютер анықтамалық мәліметтер алуға (интернет), көрнекі құралдар даярлауга (формулалар, өлшем бірліктер, графіктер, сыйбалар, иллюстрациялар) құбылыстарды, процестерді демонстрациялауға (мультимедиа, анимация), өздік жұмыстарды орындауга (өз бетінше оку материалдары, электронды кітаптар, электронды кітапхана), т.б. қолданылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның дидактикалық мүмкіндіктерін, педагогикалық мақсаттарға қолдану білім мазмұнын анықтауда, білім формулалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді.

Компьютермен жұмыс жасату оқушының алгоритмдік ойлаудың дамытады:

- оқушы өз іс-әрекетін саналы түрде жоспарлайды;
- құбылыстарға, процестерге модельдер құра біледі;
- бақылау, өзін-өзі бақылау жұмыстарын жинақы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның оку-тәрбие процесінде пайдалану нәтижесінде келесі педагогикалық мүмкіндіктер жүзеге асады:

– оқушының жеке тұлғалық касиеттерін (ынтасы, ақпаратты қабылдау жылдамдығы, дайындығы, т.б.) ескеру арқылы жаңа материалды өтуде оқытуды үйымдастыру инновациялық әдістер мен құралдарды оку процесіне пайдалану. Бұл тұста проблемалық оқыту, компьютерлік ойын элементтерін қосу, эвристикалық әдістер, т.б. туралы айтуда болады;

– проблемалық, зерттеу, аналитикалық, модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;

– оку процесінің материалды техникалық базасын жетілдіру (вертуалды орта, телекоммуникация, жаңа типті компьютерлер, т.б.);

Ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде білім беруде келесі принциптерді негізге аламыз:

- **вариативтілік принципі** – әрбір білім беру жүйесінің бағытына сәйкес оқыту;
- **эргономикалық** – нақты мәселені шешуге, үйренуге қажетті уақыт мөлшері талап етіледі;

- ізгіліктілік – бейімделген оқыту жүйесін күру;
- жекеленген кеңес беру, т.б.

11. Электрондық және виртуальдық кітапханалар

Қазіргі кезде оку орындарының вебсайт түріндегі ақпараттық коммуникациялық ортасы құрастырылуда және онда окушыларға, мұғалімдерге арналған хабарландырулар, оку орнының жаңалықтары, мектеп өмірі жайлар ақпараттар, электронды кітапханалар, басқару ісіне қатысты жеке тұлғалардың электронды почтасын ашу мүмкіндігі және т.б. көптеген ақпараттар бар.

Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі - оку процесін электронды оқулық немесе оқытудың компьютерлік құралдарын жасау және пайдалану. Оку процесінде компьютерлік оқулықтар, есептер жинақтары, энциклопедиялар, тестілеу мен бақылау, анықтамалық жүйелер және баска да оқытудың компьютерлік құралдары кеңінен колданыс табуда. Оқытудың компьютерлік құралдарын білім берудің ақпараттық технологияларының негізгі бір түрі ретінде қарастыруға болады. Жалпы білім берудің ақпараттық технологиялары дәстүрлі оқыту әдістері мен тәсілдерінде кейбір педагогикалық мәселелерді шешудің жаңа құралдары ретінде пайдалылады.

Білім беру саласында компьютерлік технологияны қолдану жеке оқыту процесін қамтамасыз етуге колданылады. Соңыктан да, кашыктық курсары ұйымдастырылады. Мұндай оқытудың тиімділігі окушы мен оқыту жүйесінің өзара әрекеттестігін диалогтық түрде ұйымдастырудан шыгады. Білімнің қайнар көзі – кітапта. Олардың ақпараттық жүйелері мен интеграциясы электронды кітаптар (электронды оқулықтар) құрастыруға алып келді.

Енді электронды оқулықтың құрамы жөнінде айтып етедік.

Электронды оқулықтың құрамында:

- титул беті;
- мазмұн;
- аннотация;
- оку материалының мәтініне схемалар, графіктер, иллюстрациялар, кестелер қосылған толық мазмұны;
- тапсырмалар жүйесі;
- бақылау тестік жүйесі;
- мәтін бөлігін іздеу жүйесі;
- авторлар жөнінде мәлімет;

- электронды оқулықпен жұмыс жасау тәсілдері жөнінде нұскаулар жүйесі болуы тиіс.

Электронды оқулықтың титул экраны түрлі-түсті әдемі болуы керек. мұнда анимация мүмкіндіктерін пайдаланып, оқулықтың аннотациясын жүгіртпе жол түрінде шығарып қоюға болады.

Мазмұн электронды оқулықтың ең маңызды құрылымдық элементі. Ол бір жағынан оку материалын толық қамтуы тиіс, екінші жағынан бір ғана экранға сиятында көлемде құрылуды қажет.

Аннотация – оқулық жөнінде қысқаша мәлімет болуы керек. Жақсы электронды оқулықтың құрудың бастапқы шарты оку материалының толық қамтылуы керек.

Тапсырмалар жүйесі әрбір тақырыптың соңында іске қосылуы керек. Ол үйренушілерге осы тақырып бойынша сұрактар мен тапсырмалар береді. Егер тапсырмалар толығымен орындалмаса, үйренуші келесі тақырыпқа өте алмайды. Бұл электронды оқулықты колданушыны ізденуге, оку материалын мүқият қайталауга мәжбур етеді.

Тестік жүйе үйренушінің соғы қорытынды білімінің деңгейін бағалауға арналған. Ол текстік сұрактар түрінде беріледі. Тестік сұрактардың түрлері мен формаларын оқулықтың жазушы авторлар тандап, құрастырып, тестік сұрактарға жауап берген адамдар жөнінде мәліметтер корын құра алуы керек.

Авторлар жөнінде мәліметтер – оқулықтың құрастырушылардың аты-жөндері, байланыс телефондары, электронды пошта адресі т.с.с

Программамен жұмыс істеу тәсілдері жөнінде нұскаулар жүйесі қолданушыға оқулықтың интерфейсін тиімді қолдануды үйретеді. Әдетте қысқа әрі нақты түрде болып келуі шарт.

Электронды оқулықтың жай оқулықтан айырмашылығы қандай? Электронды оқулық – оку пәнінің негізгі ғылыми мазмұнын қамтитын, компьютерлік технологияға негізделген оқыту, бақылау, модельдеу, тестілеу т.б. программалардың жиынтығы.

Электронды оқулық дәстүрлі оқулыққа қосымша мүмкіндіктер береді. Әсіресе:

- көрі байланысты практика жүзінде тез арада қамтамасыз ету;
- дәстүрлі оқулықтарды іздеу мүмкіндіктерін кеңейтеді, яғни гипермәтіндік сілтеме орналасқан тұстардағы кілттік сөздерді ашу арқылы түсіндірулерге ету;
- қажет ақпараттық бетке іздеу арқылы бірден ету көмегімен уақытты үнемдеу;
- компьютер көмегімен кітап мазмұнына талдау жасау, қажет материалды бірден табу;

- бейнематериалдарың және дыбыстық фрагменттердің болу мүмкіндігі;

- кітап көлемінің аз болуы, ең керекті анықтамаларды, терминдерді, жинақталған ойды және т.б. шағын нұсқада беру, сызба, кесте түрлерін колдану;

- желі арқылы әлемнің кез-келген жерінен алу немесе жөнелту мүмкіндіг және т.б.

Дәстүрлі оқулықтармен салыстырғанда электронды оқулықтарда кездесетін кемшіліктер:

- экраннан мәтіндік ақпараттарды кабылдау ынғайлылығы мен тиімділігінің төмендігі;

- ұзак уақыт компьютер алдында отыру зияндығы және т.б.

Компьютерлік өнімдер, оның ішінде оқыту программалары мен электронды оқулықтар саны жылдан-жылға көбеюде. Алайда, осы күнге дейін электронды оқулық қандай болу керек және қандай функциялар оның міндеттемелеріне айналу керек деген мәселе шешуін таптай отыр.

Қазіргі кезде электронды оқулықтарға келесідей талаптар қойылады:

- тандалған курс бойынша ақпарат жаксы күрылыш және саны шектелген жаңа ұғымдары бар аяқталған курс үзінділері түрінде болғаны дұрыс;

- мәтінмен қатар әрбір үзінді аудио немесе бейне түріндегі ақпараттардан – «жанды лекциялардан» тұруы керек. Оның міндетті интерфейстік элементі ретінде лекцияны кез-келген жерінен окуға мүмкіндік беретін айналдыру мүмкіндігі қарастырылуы тиіс;

- мәтіндік ақпараттарды, «жанды лекциялардың» кейір боліктерін кайтау мүмкіндігінің болуы;

- күрделі модельдер мен күрылғылар кездесетін жағдайда оларды көрсететін иллюстрацияда тез пайда болатын түсіндірмелер болуы керек. Олар иллюстрацияның жеке элементтері, мысалы карталар, жоспарлар, схемалар бойынша қозғалысқа сәйкес пайда болып және сөніп отырғаны жөн;

- керекті ақпаратты іздеу уақытын қыскартуға мүмкіндік беретін көптеген сілтемелермен ієтіндік боліктердің қамтамасыз етілуі тиіс.

- бір пән аумагында арнайы түсіндірме сөздік сінгізілген болу керек;

- материалдың әдеттегі мазмұнын түсінуге киын белімдері анимация немесе бейнеакпарат түрінде берілгені жөн. Бұл жағдайда дәстүрлі оқулықтармен салыстырғанда пайдаланушыға 5-6 есе аз уақыт жұмсалады. Адамға өзі кормеген кейір түсіндіруі киын күбылыстарды (сарқырыма, озгермеліліктер, т.б.) бейнеклиптер

арқылы көрсетуге және күбылыстарды демонстрациялауды жылдамдатуға немесе баяулатуға, кейір қажетті үзіндісін таңдап демонстрациялауға мүмкіндік бергені дұрыс.

Енді, электрондық оқулықтарды даярлаудың тиімді құралдарын қарастырайық. Олар:

- дәстүрлі алгоритмдік тілдер;
- жалпы мақсаттагы инструментальді құралдар;
- мультимедиа құралдары;
- гипермәтіндік және гипермедиалық құралдар.

Қазіргі кезде оқулықтарға қойылатын талаптар: берілетін материалды құрылымданыру, пайдалану ынғайлылығы, материалдың мазмұнының көрнекілігі. Жоғарыдағы айтылған талаптарды қанағаттандыру үшін гипермәтіндік технологияны қолданған дұрыс. Оқытудағы негізгі мәселелердің бірі білімді бақылау болғандықтан, электронды оқулық құрамында бақылау құралы қамтамасыз етілуі міндетті.

Әдетте электронды оқулықтар оптикалық не магниттік диск тасымалдағыштарда, компьютерлік серверде сакталады. Кейде дәстүрлі кітаптың электронды көшірмесі түрінде ақпарат каналдары арқылы таратыла береді. Қазіргі кезде электронды кітаптармен қатар энциклопедиялар, сөздіктер, альбомдар, географиялық карталар да электронды нұсқада таратылады. Бұлардан басқа ете жиі қолданыста – электронды журналдар.

Электронды журнал – ғылыми және техникалық мақалалардың кешені, оларды ауқымды желіде жариялау.

Электронды журнал ерекшеліктері:

- мәтіннің парагын көрсету және ондағы иллюстрацияларды демонстрациялау;
- мәтіннің жеке элементтерін іздеу және көрсету (тендеулерді, сілтемелерді, т.б.);
- қашықтан доступты қамтамасыз ету;
- кестені іздеу және көріп шығу;
- қолданушының өзіндік мәліметтер архивын құруы;
- жеке өзіндік кілттік сөздердің сөздігін құрастыру және көріп шығу;
- тестік бақылаудың, мазмұнның болуы.

Электронды кітапхана – баспа өнімдерінің жазбасын және өнер шығармаларын жинақтаудың, сактаудың және таратудың компьютерлік технологиясын қолданатын ұжым.

Әрине желіге косылған дербес компьютерлер арқылы электронды кітапханалардың сактаулы өнімдеріне кол жеткізу мүкіндігін алуға болады.

Электронды кітапханалардың функциялары:

- ақпараттарды жинақтау және оларды компьютерде сактауға арналған формага келтіру;
- берілгендер базасын және білім базасын құрастыру;
- презентациялар мен берілгендерді басқару құралдарын құрастыру;
- каталогтандырудың ішкі жүйесінің бар болуы;
- берілгендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ақпараттарды сактау және іздеу.

Сонымен, электронды кітапхана көптеген басқару технологияларын колданатын, ақпараттарды іздеу және тарату технологияларын біртұтас архитектурасы бар шын мәнінде кітапхананың құрамдас бөлігі болып табылатын виртуалды кітапханадан өзгеше кітапхана.

Виртуальды кітапхана – филиалдары және бөлімшелері әр түрлі жерлерде, қалаларда орналаскан және бір-бірімен ақпараттық желілер көмегімен байланысқан электронды кітапхана.

Виртуалды кітапхананың сипаттамалары:

- ақпараттық – кітапханалық делдалдың болмауы;
- құжаттың электронды жеткізуі;
- ақпараттық халықаралық қызмет көрсететін ұжым;
- барлық филиалдар мен бөлімшелерге қашықтан кол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді;
- электронды поча көмегімен журналдық макалалар мен құжаттарды тарату;
- диалогтық режимде ақпараттарды іздеу;
- кітаптар мен журналдардың электронды басылымы.

Виртуалды кітапхана серверлер тобында орналастырылады. Оны ауқымды желі абоненттеріне колдануға болады.

Электрондық және виртуалдық кітапханалардың пайда болуы кітапханалар желісін құруға алып келді. Ал ол өз кезегінде «Оқытушы жүйелер» деп аталатын компьютерлік технологияның шығуына септігін тигізді. Эрбір мұндай жүйе жасанды интеллект және білім базасын колдануға негізделеді. Мұнда гиперорталар мен гипермәтіндік технологиялар қолданылады және де білім объектілері ерекшеленіп, бір-бірімен ассоциативті байланысады.

Жүйе бір объектіден екінші объектіге өту арқылы берілгендер базасы бойынша қолданушының навигациясын жүзеге асырады. Жүйелер автономды және желілік болып бөлінеді.

12. Білім мен біліктілікті бағалау жүйесі

12 жылдық білім беру жүйесінде басшылықка алынуы тиіс қағидалар (принциптер):

- **Вариативтілік принцип** – әрбір білім беру жүйесінің бағытына сәйкес оқыту.
- **Болашаққа негізделген принцип** – күтілетін нәтижені аныктайтын кезендік бағдарламалардың бағытын орнықтыру.
- **Рефлексивті–креативтік принцип** – жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды менгерту, білім беру процесін үйымдастыруда даралық, шығармашылық бағыттарды негізге алу.
- **Эргономикалық** – нақты мәселені шешуге тақырып немесе тарауға қажетті уақыт мөлшерін тағайындау.
- **Ізгіліктілік принципі** – бейімделген оқыту жүйесін құруды талап етеді (жеке тұлғаға бейімделген).

- **Тәжірибелеге бағытталған принцип** – оқыту көздерінің бірі ретінде оқытушының тәжірибесін колдану идеясы жүзеге асырылады және нақты іс-әрекеттер бойынша окушының (студенттің) танымдық процестерінің өзара байланыстылығы мен олардың жеке тұлға ретінде қалыптасу денгейі анықталады.

- **Жеке кеңес беру принципі** – бұл әрбір окушының (студенттің) өзіндік ерекшелігін ескере отырып, алға қойылған нәтижеге жетуге қажет игерілетін мәселелердің мазмұны мен оған колданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.

12 жылдық білім беруде құзырлылық, оның ішінде ақпараттық құзырлылық, оны қалыптастыру карастырылады. Ақпараттық мәдениетті дамыту окушының ақпараттық құзырлылығына қойылатын талаптарға сай анықталады:

1. Қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық кеңістік туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру.
2. Компьютерлік сауаттылық.
3. Жаңа АКТ-дың мүмкіндіктерін өз жұмыстарында колдану.

Орта мектепте 5 баллдық бағалау қолданыста. Бақылаудың өзі 3 түрге бөлінеді:

1. Ағымдық
2. Аралық
3. Қорытынды

Ағымдық бақылау – күнделікті, әр сабак сайын білімді тексеру, бағалау.

Аралық бақылау – тарау сонында, блок, рейтинг түріндегі белгілі бір уақыт өткендегі игерілген білімді бағалау.

Корытынды бақылау – пән бойынша итерлген білімді бағалау үшін, курс аяқталғанда, оку жылы аяқталғанда, оку процесі аяқталғанда ұйымдастырылады. Мысалы, маман даярлауды корытындылау мемлекеттік емтихан түрінде өтеді, ал әр курс сайын сессия уақытында емтихан алынады.

Қазақстанда тестік бақылау кең колданысқа енді. Соның мысалы ретінде ҰБТ, МАБ, Аттестациялық бақылау, бастауышты аяқтаған кездегі, негізгі мектепті аяқтаған кезде мемлекеттік деңгейде тестік бақылау өтеді.

Білім беруді аппаратандыру процесі жағдайында жеке тұлғаның интеллектуалдық, қоғамдық, экономикалық, коммуникациялық, аппараттық іс-әрекеттерін түрлі салага колдану арқылы құзырлылықтарын калыптастыру негізгі талаптарының бірі.

«**Құзырлылық**» ұғымы латын тілінен аударғанда «жасай алу» деген мағынаны білдіреді. ЮНЕСКО глоссарийінде мынадай анықтама берілген:

Құзырлылық – бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік.

Кейбір ғалымдар құзырлылықты адамиң белгілі-бір әрекеттер аймағында сәйкес бағыттылығы ретінде карастырады (Г. Вайнер).

М.Чошанов құзырлылықты білім, білік, дағдының өзара байланысы деп карап, оның келесі формуласын ұсынады:

Білімді колданудың жылдамдығы + әдістердің оралымдылығы + ойлаудың сыйаулығы.

Құзырлылық кейде құзыреттілік деген сөзben алмасып кездеседі. Құзыреттілік латынның competens – сәйкестік, қабілеттілік деген сөзінің баламасы. Competens дегенді психологияда адам өзінің коршаған ортамен саналы түрде тиімді карым-катьнас жасау қабілеттілігінің табыстылығын және пайдалылығын сезінуінен туындайтын, оның күш-куаты мен сенімділігінің психологиялық сапасы деп түсініледі.

«Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздікте» мектеп бітіруші түлектің құзыреттіліктерінің саны мен түрі қоғамның әлеуметтік тапсырысы, жұмыс берушінің тілегі, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік талаптарға, қоғамдағы әлеуметтік мәдени жағдаяттарға және т.б. байланысты деп көрсетеді.

Оку үдерісінде **құзыретті** деп окушының менгерген білімдерін, оку біліктіліктері мен дағдыларын, іс-әрекет тәсілдерін өмірдегі практикалық және теориялық мәселелерді шешуде колдана білуге **дайындығын** (қабілеттілігін) айтады.

Құзыреттіліктің көптеген құрамды беліктерінің ішіндегі оку жүйесі үшін ең маңыздысы **пәндік құзыреттілік**. Окушылардың пәндік білімдерді саналы игеруі мәселесін шешу мектеп мұғаліміне жүктеледі.

Акпараттық құзыреттілік – бұл оку, түрмис және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуге акпараттық-коммуникацияның мүмкіндіктерін жан-жакты колдану қабілеті, яғни бұл адамдардың кез-келген проблеманы, міндеттерді компьютермен, акпараттық құрылғылармен, телекоммуникациямен шешу қабілеті.

13. Объектіге бағытталған программауды оқыту

Объектіге бағытталған программауда және онымен бірге жарыққа келген объектіге бағытталған жобалау программалар мен жүйелер құрудың жаңа тәсілі.

Жоғары деңгейлі программауда процедуралық, логикалық және объектіге бағытталған болып үш түрге бөлінеді. Соңғы кездерде Windows ортасында жарыққа шыққан және **объектіге бағытталған программауда** негізінде құрылған программауда тіліне – Object Pascal, ал программауда ортасына Microsoft Visual Basic, Borland Delphi, Borland C++ for Windows жатады.

ОБП тілінде программаның жұмысы оқигалар тізбегінен және түрлі объектілердің осы оқигаларға жауабынан тұрады. Олардың визуальды түрлері - *Visual Basic* (*visual* – көзбен көру, экрандық) ортасы, *QBASIC* программауда тілі негізінде, *Delphi* ортасы *Объектілі Паскаль* (*Object Pascal*) тілі негізінде *Windows* операциялық жүйесін басшылыққа алып құрылған.

Объектіге бағытталған жобалау программалар мен жүйелер құрудың тәсілі алғашқыда C++, Object Pascal сияқты программауда тілдері негізінде пайда болды. Қолданушы және программадағы объектінің басқа объектінің берілгендерін окуға, оларды өндөуге және жаңа мәндер жазуға мүмкіндіктері болуы керек.

Объектіге бағытталған программаудың ең үздік технологиясы және модификациясы женіл программа жасауға мүмкіндік береді. Оның мүмкіндіктерін объектіге бағытталған программауда тілінде қолдануға болады. Ондай тілдердің бірі Simula 67, ол 1960-шы жылдардың екінші жартысында пайда болды. Қазіргі программауда тілдері объектіге бағытталған программауды колдайды. Оларға C++, Java, Delphi т.б жатады. Бұл әдіснама Turbo Pascal-дың 5.5 нұсқасынан бастап пайда болды.

Объектіге бағытталған программауда процедура және функция ғана емес, объектілермен жұмыс қарастырылады. Мұнда инкапсуляция, берілгендерді жасыру принциптерінің мәні зор.

Берілгендер мен тәсілдердің жиынтығы олардың оқылуы және жазылуы қасиет деп аталады. Қасиеттерді жобалау барысында орнатуға және программаның орындалуы барысында өзгертуге болады. Эр түрлі оқигалардың орындалуы нәтижесінде шыгатын хабарлама объектілер әрекеттестігінің ортасы болып табылады.

Объектінің басқарылуы оқигалардың өнделуі арқылы орындалады. Өндеушілер объектілердің тәсілдері мен қасиеттеріне сілтеме жасайды. Жұмыс барысында объектінің күрілуы да, жойылуы да мүмкін. Сол себептен программаның күрілымы динамикалық күрілым.

Объектіге бағытталған программауда моделін келесі түрде «елестетуге» болады: Біздің коршаган дүние объектілермен қамтылған. Объект қасиеттерге, мінездерге, ағымдық жағдайға ие. Объектілер арасында қатынас бар. Бірдей қасиеттері және мінездері бар объектілер бір класқа жатады. Бір кластиң объектісінің қасиеттері басқа кластиң объектісінің қасиеттерімен жарым-жартылай бірдей болуы мүмкін. Бұл модельдің статикалық күрілымына сәйкес.

Объектілер бір-бірімен ақпарат алмасу арқылы әрекеттеседі. Ақпарат хабарлама жөнелту арқылы жіберіледі. Хабарламаны алушы объект тек өзіне белгілі түрде жауап ала, өзінің ағымдық жағдайын өзгерте ала және хабарламаға жауап бере алады. Интернетте осы жағдайлар анық және көрнекі түрде орын алады. Мұнда объект басқа объектіге хабарлама жібергісі келсе, ол хабарды алушы объект атын, сонын хабардың сонында хабар аргументін корсетеді. Бұл жерде ең маңыздысы параллель (бір мезетте) жұмыс істейді.

ОБП тілінің негізгі 4 қасиетін қажетті деп есептеп, ерекшелеп көрсетуге болады:

1. **Жүзеге асыруды жасыру.**
2. **Берілгендердің абстрактылық типін колдану.**
3. **Атауды мәнімен динамикалық байланыстыру.**
4. **Қасиеттердің мұрагерлік етілуі.**

Осыларға қысқаша тоқталайық:

1) Жүйенің көлсемді компонентінен жай сандық тұрақтыға дейінгі кез-келген объект бола алуы – модуль түрінде қарастыру. Жүзеге асыруды жасыру жүйенің басқа бөліктеріне тиіспей, жеке программалық модульдерді өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл озгерістер берілгендерді енгізуі деңгелледі және жүйенің сенімділігін жоғарлатады.

2) Берілгендердің абстрактылық типі – берілгендер типі көмегімен басқа түрлі киындықтарғы берілгендер типін анықтауға, оларға орындалуы мүмкін операцияларды (процедура, функция, декларация) анықтауға және осы жана типтерді әдеттегі типтер сиякты колдануға мүмкіндік беретін құрал. Бұл қасиет программауда тіліндегі проблемалы ауданына жақындал, оның синтаксисі мен семантикасынан тыс шықпай, тілдің деңгейін жоғарлатуға мүмкіндік береді.

3) Динамикалық байланыстыру – программадағы кез-келген атаудың тек қана программа орындалу барысында осы атауға сілтеме жасалғанда ғана оның мәні белгілі болады деген мағынаны береді. Бұл қасиеттің артықшылығы программаның көлемін кішірейтеді, бір модульдегі өзгеріс онымен байланысқан басқа модульдердің кайта компилиляуды қажет етпейді.

4) Қасиеттердің мұра етілуі – бар объектілердің қасиеттері негізінде жаңа объектілер күруга мүмкіндік береді. Жаңа объектінің ескіден айырмашылығы косылған жаңа қасиеттерінде және өзгерілген ескі қасиеттерінде. Бұл қасиеттердің артықшылығы әртүрлі объектілердің бөліктерін көп рет колдануға, сол арқылы программа көлемін қысқартуға мүмкіндігінде.

Объектіге бағытталған орталарды оқытуды келесі тақырыптармен қарастырған жөн:

- Объектіге бағытталған программауда орталарымен танысу (проектілердің күру, олардың жұмыс жасауын басқару, қосымшаларды үйымдастыру, тіл синтаксисі, анықтамалық жүйені пайдалану, т.б.);
- визуалды программауда тәсілдері мен әдістері (объект, қасиет, оқиға, класс, әдіс, компоненттер жиынтығы, консольдық қосымша, терезе түріндегі қосымша);
- айнымалылар және шамалар, берілгендер типтері, жай және күрделі типтер, стандартты функциялар;
- программауда тілінің алфавиті, қарапайым және құрама операторлар, көмекші программалар, файлдар;
- объектіге бағытталған программаудағы графикалық және мультимедиалық мүмкіндіктер;
- берілгендер қорымен жұмыс істеуді программауда тәсілдері;
- сыртқы программалармен байланысу;
- күрделі программалардың күру.

Кез-келген пәндік облыс есептерін шығаруда объектіге бағытталған программауда көмегімен интерфейстік қосымшалар құрастыруды келесі алгоритмді колдану тиімді:

1) Есептің қойылымы, оған талдау жасау:

- Пәндік облысты айқындау

- Есептің мақсаты
- Алға қойылған мәселелерді анықтау
- Бастапқы берілгендерді алу
- Аргументтер мен нәтижелерді белгілеу

2) Интерфейсті жобалау кезеңі:

- Математикалық модель құру
- Негізгі және қосымша формаларды анықтау
- Формага компоненттерді тиімді орналастыруды жобалау, объектілерді тандау
- Форма көрінісін безендіру, интерфейстің көрнекілігін қамтамасыз ету
- Формадағы компоненттердің қасиеттерін тағайындау және оларға мәндер меншіктеу

3) Интерфейсті программалау кезеңі:

- Компоненттерге қатысты оқиғаларды анықтау
- Оқиғаларға қолданылатын әдістерді анықтау, алгоритмдер құрастыру
- Анықталған оқиғаларды өндеу процедураларын құру
- Бірнеше формаларды байланыстыруды программалау

4) Интерфейстік жобаны нактылау:

- Программаны алғашкы тексеруден өткізу, сарапка салу
- Программаны түзету жұмыстары
- Жаңа идеяларды қосу, интерфейсті жетілдіру
- Интерфейстің сонғы үлгісіне дейін жетілдіруді жалғастыру
- Есептің мақсатқа жеткендігін нактылау
- Программаны сонғы тексеруден өткізу, .exe файл құру.

Объектіге бағытталған программалауды былайша оқытуда жалпы программалауға қатысты мәселелермен есептерді шығаруда қолданылатын информатиканың «Модель – алгоритм – программа» үштік тізбегі толық жүзеге асады.

Программалау нәтижесінде мақсатқа сай мәселе қойылған пәндік облыстың объектілерінің модельденген объектіге бағдарланған программалық өнімі алынады.

14. Ауқымды желідегі білім беру жүйелері

Хабарландырудың электронды тақтасы

Хабарландырудың электронды тақтасы ұғымы әрбір қолданушының егер модемі және интернетке қосылуы бар болса, кішігірім хабарламаны интернетке «ілуіне», оған жауап алуына мүмкіндігі бар дегенді білдіреді. Ол үшін қолданушы BBS (Bulletin Board System) станциясына қосылады. Бұл станция бір немесе

бірнеше модеммен жабдықталған арнары программалық жабдық орнатылған компьютер. BBS станциясының көбінде программалар мен құжаттардың көптеген файлдарының архивтері бар. BBS жалғанған қолданушы архив мазмұнын көре алады, файлды өз компьютеріне көшіре алады, өз файлын BBS архивіне жаза алады. Архивтегі барлық файлдарға басқа қолданушылар үшін доступ бар. Оку барысында ізденіс, шығармашылық жұмыстарда туындаған сұрақтарды, мақаланы жарнамалық хабарламаны, яғни қолданушының өзінің еңбекін, сұрағын электронды тақтага шығарады. Сұраққа жауап ашық түрде (электронды тақтага, веб браузерге шығуы арқылы) және жабық түрде (email-ға түсү арқылы) келеді. Жауаптар жан-жакты, дұрыс не қате, аз не көп қолданушыдан түседі. Оларды ой елегінен өткізу арқылы корытынды жасау керек. Мұндай білім беру жүйелі түрде емес, дәлдігі орташа деңгейде өтеді.

Оқытуудың веб орталары

Мұндай орталарда қолданушы өзіне қажетті білімді өте көп курстары мен электронды құралдар, электронды кітаптар қомегімен оларды сарапау, қажеттісін тандау, өз бетінше жүйелуе арқылы білім алуға ізденеді. Орта қолдануға ынғайлы кейбір ұғымдар мен терминдерге гиперсілтеме арқылы анықтама не түсініктеме беру арқылы ұйымдастырылған. Ортаны желі арқылы тарату тез, ыңғайлы болғандықтан жиі қолданыста.

Электронды почтани қолдану

Қашықтық курсары міндетті түрде қашықтан оқыту орталықтарымен байланыста электронды почтани сұрақ-жауап, бақылау нәтижесі, тіркелу (регистрация) үшін қолданады. Тек тьютормен байланыста жүзеге асады.

Берілгендер қоры

Қазіргі кезде берілгендер қорын басқару жүйелері өздерінің құрылымдарына тек мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар олардың тұтынушыларымен және басқа да акпараттық-бағдарламалық кешендермен карым-қатынасының әдістерін қамтиды. Берілгендер қоры – акпаратты сактауға және жинактауға арналған құрылымды жүйе. Берілгендер қорын басқару жүйесі – жаңа берілгендер қорын құруға, оны қажетті акпараттармен толтықтыруға, оның мазмұнын редакциялауға, оларды реттеуге, безендіруге және баспа құрылғыларына шығаруға және байланыс арналарына жөнелтуге арналған программалық құралдар кешені. Берілгендер қорын құрғанда акпараттардың өзара қарама-қайшылықта болмауы үшін бірінші кілтті қолданамыз. Бірінші кілт – акпараттарды бірегей болуын қамтамасыз өтеді. Берілгендер қорын басқару жүйесі корды құру, сұраныстарды өндеу, өздерінің мүмкіншіліктерімен

ерекшеленетін және бір-бірімен бәсекелесстін берілгендер корын басқару жүйелері. Мысалы: Paradox, dBase, Microsoft Access, FoxPro, Oracle, InterBase, SyBase, Microsoft SQL Server және тағы баска. Олар әртүрде ұйымдастырылған және ортақ қызметі берілгендер корымен жұмыс. Мысалы: Paradox және dBase-те әр кестеге жеке файл қолданылады. Бұл жағдайда берілгендер корындағы кесте файл сақталынатын бума. Microsoft Access және InterBase-те бірнеше файлдар бір файл түрінде сақталынады. Бұл жағдайда берілгендер коры - файл атауы. Клиент-сервер түріндегі жүйеге SyBase және Microsoft SQL серверлері жеке компьютерде мәліметтерді сактайды және клиентпен арнайы тіл арқылы (SQL) байланысады. Берілгендер корының қасиеттері әртүрлі болғандықтан, егер ол қосымшага бумаларды, файлдарды, серверлерді көрсетегін болсак, онда онымен жұмыс істеу кынга соғады. Бұл мәселені шешу үшін берілгендер корының псевдонимі қолданылады. Псевдоним (alias) - берілгендер корына кіруді қамтамасыз етеді. Бұл псевдонимді берілгендер корын құрганда бір рет хабарлайды. Берілгендер корының администраторының ақпараттарының псевдонимімен сәйкес келсе жеткілікті.

Әртүрлі мақсат үшін әртүрлі берілгендер корының моделін қолдану орынды, қандайда бір колективтің қызметкерлері туралы берілгендер корын және қандайда банктің барлық аймактарды филиалдары туралы берілгендер корын әртүрлі етіп құру керек. Қай берілгендер корына қандай қосымшасы сәйкес келетінін анықтау процесі масштабтау деп аталады.

Берілгендер коры төрт модельге болінеді:

- Автономды
- Файл-серверлі
- Клиент-сервер
- Қөпденгейлі бөлінуі

Автономды берілгендер коры

Автономды берілгендер коры карапайым берілгендер коры болып табылады. Олар өздерінің мәліметтерін жеке компьютерде орнатылған жергілікті файлдық жүйеде сактайды; басқару жүйесі және берілгендер корының машинасы рұқсат ала алады. Мұнда желі қолданылмайды. Сондықтан автономды берілгендер корымен жұмыс істейтіндерге екі адам бірдей уақытта бір жазбаны өзгерту сиякты паралельді доступпен жұмыс істеу проблемасы шықнайды. Автономды берілгендер коры қөптеген қолданушыларды таратылатын қосымшаларды (приложениялар) дамытуға пайдалы, олар жеке берілгендер корын қолдайды. Мысалы, шағын офиствін

документациясын өндеу, шағын мекеменің кадр құрамын, шағын бухгалтерияға бухгалтерлік құжаттар үшін қосымшалары. Әр колданушы өзінің жеке мәліметтерін өзінің компьютерінде манипуляциялайды. Колданушыға баска колданушының мәліметтеріне рұқсат алу кажет емес.

Файлдық-серверлі берілгендер коры

Файл-серверлік берілгендер корының автономды берілгендер корынан ерекшелілігі, бірнеше клиенттерге желі арқылы кіруіне мүмкіндік береді. Мысалы, үлкен мекеменің берілгендер корына жеке белімшениң администраторы кіре алатында (мұндай жағдайда әрбір администратор өзінің белімшесі тиісті мәліметтерді көре алатында етуге болады). Берілгендер коры жалғыз экземпляр түрінде файл-сервер желісінде сақталынады. Әрбір клиентке жұмцс істеу үшін мәліметтердің көшірмесін құрады. Бұл жерде проблема туындаиды. Бір информацияға бірдей уақытта бірнеше қолданушы кіру керек болады. Файл-серверлік берілгендер корының кемшіліктерінің бірі желінің өнімді емсе жүктелуінде.

Клиент-серверлік берілгендер коры

Бірнеше қолданушылары бар үлкен көлемді берілгендер коры үшін клиент-сервер платформасындағы берілгендер коры қолданылады. Бұл жағдайда клиентте тобы үшін рұқсатты арнайы компьютер-сервер орындайды. Клиент серверге берілгендер корын іздеу операциясы немесе жаңарту сиякты тапсырыс береді. Куатты сервер сұраныстың операциясына тиімді жолмен орындалап, клиентке өзінің жұмысының нәтижесін береді. Осындай ұйымдастыран жұмыс қуатты серверді қолдану арқасында қоysымшаның орындау тиімділігін арттырады, мәліметтердің тұтастығын бақылауды қамтамасыз етеді. Клиент-сервер технологиясында қосымша проблема туындаиды - қосымшада (приложения) сервердің мүмкінділігін максимальді қолдануды жобалау, желі минимальді жүктеліп ол арқылы аз ғана информация жіберу керек. Бұл серверде процедураларды құру арқылы жетеді, бизнес-логика іске асады: берілгендерді өндейді және қолданушыға тек өзі сұраған мәліметтерді жібереді.

Қөпденгейлі берілгендер коры

Қөпденгейлі берілгендер коры үш деңгейлі нұсқадан тұрады:

- Ең төменгі деңгей де қолданушы интерфейсімен қамтамасыз ететін клиенттік қосымша қолданушының компьютерінде орналасады.
- Екінші деңгейде сервер қосымшасы орналаскан, қолданушылар арасындағы мәліметтермен және қашықтағы берілгендер коры арасындағы мәліметті алмасуды қамтамасыз етеді. Сервер

косымшасы барлық клиенттерге кіруге мүмкіндігі желі түйіндерінде орналасады.

- Ушінші деңгейде берілгендер корының қашықтағы сервері орналасқан, сервер косымшасынан акпарат алады.

15. Акпараттық-коммуникациялық технологияның дамуының болашақ бағыттары

Қазіргі кездегі колданыстағы педагогикалық бағдарламалық құралдардың түрлерінің көптігі оларды талдап, топтауға экелді, нәтижесінде оларды төмендегідей жіктеуге болатынын байқады:

1. **Басқаруышы бағдарламалар.** Бұл бағдарламаларда мұғалімнің кейбір функцияларын компьютер орындауды.
2. **Оқытуышы бағдарламалар.** Мұнда окушы өзінің бойында бар білім жиынтығына сүйене отырып, арнайы бағдарламалар арқылы оқып-үйрену жұмыстарымен айналысады. Оқыту жаңа оку материалдарын игеру бағытында үйымдастырылады.
3. **Диагностикалық бағдарламалар.** Тестілеуге, білімді, біліктілік және дағдыларды тексеруге немесе бағалауға арналған.
4. **Жаттығу бағдарламалары.** Бұл жаңа оку материалдары камтылмаган, бірақ өтілген тақырыптар бойынша есептер шығару бағытында, үйретілген мәселелерді кайталауға немесе бекітуге есептелген бағдарламалар.
5. **Әртүрлі білім саласы бойынша мәліметтер базасы.** Мұндай базадан акпараттарды сұраныс беру арқылы алғып, оны кеңінен колдануға болады.
6. **Бақылау бағдарламалары.** Үдерісті бақылауға және өлшеуге катысты арнайы құрастырылған бағдарламалар. Акпараттарды алуға, жазуға және роботтардың әрекетерін басқаруға арналған бағдарламалар.
7. **Имитациялық бағдарламалар.** Накты құбылысты немесе оқиғаны оның негізгі құрылымдық және функционалдық сипаттамаларын зерттеу үшін қандай да бір шектеулі параметрлерді колданудан тұрады.
8. **Модельдеуші бағдарламалар.** Окушыларға модельдеуді орындау үшін ұсынылатын, онда колданылатын негізгі элементтер мен модельдеу функцияларының негізгі түрлерін ұсынатын еркін композициялық түрғыдағы бағдарламалар.
9. **Имитациялық-модельдеуші типті бағдарламалар.** Ойдан құрастырылған оку ортасы түріндегі мұғалімнің катысуымен құрастырылатын бағдарламалар.
10. **Белгілі бір амалдарды орындауды, мысалы мәтінді өндеу, кестені құру, графикалық акпараттарды өндеу т.б. камтамасыз ететін инструментальды бағдарламалық құралдар.**
11. **Бағдарламалау тілдері.** Мұнда компьютерді басқаруға мүмкіндік беретін кодтау жүйесі колданылады.

15.1 Геоакпараттық жүйелер

Геоакпараттық жүйелер акпараттар қабаттарының жиынтығы түрінде ұйымдастырылған берілгендер базасы болып табылады. Негізгі қабат ретінде географиялық карта алынады. Оның үстіне картага сәйкес территорияда орналасқан объектілердің акпараттар жиынтығы қойылады. Осылайшы жаңа қабат орналастырылады. Баска қабаттарда біртіндеп жинақталады. Қабаттар арасында бірін-бірі байланыстыратын қажетті байланыстар орнатылады. Байланысты орнату қабаттарды құру кезінде де, орнату кезінде де болуы мүмкін. Байланыстың болуы модельдеу көмегімен берілгендерді интеллектуалды өндеу көмегімен ұйымдастырылатын объектілермен жүргізілетін кеңістік операцияларды орындауға мүмкіндік береді.

Геоакпараттық жүйелердің программалық ядросы төмендегілердің камтиды:

- Кеңістік берілгендерді енгізууді камтамасыз етеді
- Инструментальды геоакпараттық жүйелер
- Ақпараттарды сақтайтын құрылымдық берілгендер базасы
- Күрделі сұраныстарды жүзеге асыру, орындау
- Кеңістіктік талдау
- Көшірмені шыгару

Геоакпараттық жүйелердің қолданылуу салалары:

- Геодезиялық, астрономды-геодезиялық және гравиметрикалық жұмыстар үшін
- Топологиялық жұмыстар үшін
- Картографиялық және картобаспалық жұмыстар үшін
- Аэрогеодемілік (аэросъемочный) жұмыстары үшін
- Мемлекетті және аймақты басқару жұмыстары үшін

15.2 Қолданбалы программалар пакеттері

Оқыту процесінде қолданылатын қолданбалы программалық пакеттерге тоқтала кетейік.

Maple – компьютерлік математика жүйесіне жатады. Осы күнге дейін оны компьютерлік алгебра жүйесіне жатқызып келдік, ейткені онда таңбалық есептеулер мен түрлендірulerді орындауға болатын ерекше мүмкіндіктер бар. Бірақ бұл Maple жүйесінің қолданылуу саласына шектеу келтіреді. Maple-ді тек таңбалық қана емес сандық есептеулерге де, графикалық түрдегі визуалданыру жұмыстарына да, электронды құжаттарды өзірлеуге де тиімді қолдануға болады.

Кәсіби математиктер үшін Maple көмегімен орындауға болатын жұмыстарға өте шапшаң түрде нәтижелерді алу, визуалды түрдегі модельдерді бейнелеу жұмыстары және т.б. жатады.

Maple жүйесінің ядросы басқа да математикалық жүйелерде, мысалы Matlab, MathCad жүйелерінде орнатылған. Maple – интегралды орта. Ол өзіне келесі жүйелерді біріктірген:

- қуатты программау тілін;
- құжаттарды және программаларды құрастыруға және өндеуге арналған редакторды;
- диалогты режимде жұмыс жасайтын көп терезелі қолданушы интерфейсін;
- мындаған мысалдармен қамтылған қуатты анықтамалық жүйені;
- математикалық өрнектерді түрлендіру зандылықтары мен алгоритмдерінің ядросын;
- сандық және таңбалық процессорларды;
- диагностикалау жүйесін;
- кірістірілген функциялар кітапханасын;
- сыртқы программалармен басқа да программау тілдеріне колдау көрсететін функциялар пакетін.

Осы келтірілген тізімге Waterloo Maple Inc каналдық компаниясының қарастырған таңбалық есептеулерін қоссак таңбалық математиканың интегралды ортасы шыға келеді.

Maple нұсқалары жыл сайын жаңарап шығуда және толықтырылуда. Maple 7 PRO нұсқасының мүмкіндіктері:

- математиканың соңғы символдық палитралары қолданылады;
- математикалық өрнекті енгізуде оның бір белгін тышқан курсорымен белгілеп, ерекшелеге болады;
- есептерді шыгаруда кателермен жұмыс мүмкіндігі көрсетіледі;
- программауда танымал операторлармен коса on, if, continue, return соңғы операторлар да қолданылады;
- жаңа типті айнымалы үшін және тұракты берілгендер үшін арнайы қатар енгізілген;
- берілгендер қатарымен жұмыс істеуге арналған бірнеше жаңа функциялар қосылған;
- СИ жүйесінде өлшем бірліктер ескеріледі;
- Callaboratory операциясының көмегімен қолданушылар үшін курделі құжаттарды әрі орындау, әрі дайындау мүмкіндігі қарастырылған;
- құжаттарды Интернет арқылы тасымалдау мүмкіндігі ескерілген;

- 16 компоненті бар Maple Connex жүйесінің көмегімен функционалдық блоктардан тұратын құрделі модельдеу жұмыстар жүйесі жасалған;

- басқа жүйелерге (Excel, Axum, MatLab MathCad, т.б.) қарағанда, Maple функцияларын қолдану және интеграциялау мүмкіндігі жоғары. Maple 7 PRO нұсқасы қосымша мүмкіндіктерге ие:

- 50-ге жуық жаңа математикалық функциялары кіріктірілген (карапайым статистикалық, арнайы және т.б.);

- тиімділік және maximize, minimize функциясы;

- сыйықтық программалау есептерін автоматты түрде шыгару қарастырылған;

- тексті форматтауды және енгізуі жаксарту құрылғысы кіріктірілген;

- Find (іздеу) және Replace (іздеу және ауыстыру) редакторлау командасы;

- жабық модификация үшін жаңа аймактарды құру мүмкіндігі;

- жабық модификация аймактарын кеңейту және сұғу функциясы;

- кестелерді көрнекі түрде шығарудың жеткіліктілігі;

- Интернетten алынған HTML форматтағы құжаттарды жазу мүмкіндігі;

- OpenGL және Active X графиктерді қолдануы;

- құрделі үш өлшемді графикті салу үшін шеберді қолдану мүмкіндігі;

- графикті форматтау құрылғысы графиктің көрінісін жақсартады;

- графикті үлкейтілген масштабта көрсете алады;

- үш өлшемді кеңістікке әртүрлі объектінің және кеңістікте қылышатын графикті бейнелеу мүмкіндігі;

- кеңістікте үш өлшемді графикті тышқан курсоры арқылы қозғалту немесе айналдыру мүмкіндігі;

- Shift пернесін басу арқылы үш өлшемді графикті анимациялау мүмкіндіктері бар.

Maple 7 нұсқасына жаңа мүмкіндіктер және айырмашылықтар қосылған:

- финансистик-экономикалық есептеулер, үш өлшемді беттік матрица құру, Given блогында құрылған сандық дифференциалды тендеулерді шешу, типтік өлшемдерді қолдану, бақылау және т.б. үшін жаңа функция қатары кірістірілген;

- синусоидалық, логарифмдік, экспоненциалдық және т.б. регрессияларды орындау үшін жаңа функциялар енгізілген;

- логикалық операторлар жиынтығы кірістірілген;

Математикалық модельдеуге қатысты шығармашылық жұмыстардың құралы ретінде компьютердің арнайы математикалық

қолданбалы программалар пакеттерін, мысалға Mathematica, Maple, MathCAD, MathLAB және т.б. қолдану тиімді.

Басқа да пәндерге арнайы қолданбалы программалық пакеттер құрастырылған.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дамуының жетілдіріле беретін болашақ бағыттарының бірі геоакпараттық жүйелер саласы болса, педагогикалық бағдарламалық құралдарды, объектіге бағытталған программауды қолдану мен дамытуда негізгі бағыттардың біріне жатады.

Объектіге бағытталған программауда тілдері мен жүйелерінің дамуы үш бағытта жүреді:


1) Объектіге бағытталған программауда тілдері мен жүйелерінің өндеу ерекшеліктерін дамыту.

2) Қазіргі кезде бар тілдер мен жүйелерге объектілі бағдарланған қасиеттерді косу.

3) Толық объектіге бағытталған программаудаға негізделген жаңа тілдер мен жүйелерді дайындау.

15.3 Саралтаушы жүйелер

Саралтаушы жүйе (СЖ) – нақты салада тәжрибелі мамандардың білімі енгізілген және осы салада диагноз қою, кеңес беру сиякты **саралтаушы** (эксперттік) шешім қабылдайтын интелектуалды жүйе. Ол саланың бір бағыты бойынша маманның шешіміне ұқсас нәтиже шығарып, қызметкердің дұрыс шешім қабылдаудың үлкен септігін тигізеді. Мұндай жүйелер - маманның нақты жағдайда қабылдайтын дұрыс шешімі сиякты, мәселені шешетін машиналық программалар. Яғни, саралтаушы жүйе - практикада тексеріліп, бір облыста дайындалған үлкен көлемді білім қоры бойынша саралтаушы ретінде пайдаланылатын жасанды интелект, электрондық кеңесші. Егер оған дұрыс берілгендер енгізілмесе, жүйе кәте нәтиже беруі мүмкін. Саралтаушы жүйенің құрылымдық моделі 11-суретте көрсетілген. Мұндағы пайдаланушы - нақты салада жұмыс істеуші маман.



11 – сурет. Сараптаушы жүйе құрылымы

Пайдалануши интерфейсі - кеңес алуға келген кісімен байланыс орнатылған программаның информация алмасуы. Мысалы, машина сәйкес сұраптар беріп, пайдалануши оларға жауаптар берсе, сараптаушы жүйе оларды зерттеп, сәйкес қорытынды шағарады.

Білім коры (БК) – бір тілде жазылған накты облыстық білімдер жиынтығы (мысалы, фактілер мен ережелер, сенімділік коэффиценттері. Оларды косымша толтыруға да болады).

Шешуші - пайдалануши енгізген берілгендер мен білім корында сакталған білімдерді пайдаланып, сараптаушының ой – бағытын өндешіп программа. Яғни, *шешуші* – жүйенің миы “миы”.

Түсінік беруші ішкі жүйе – шығарудың сәйкестігін кадағалайтын және нәтиженің қалай алынғанын не тандап алынған үйгарымның қабылданбаған сияқты сұраптарға жауап беретін арнайы программа. Шешуші мен түсінік беруші жүйені **шығару маниасы** деп те атайды. Пайдаланушидан сұрап түскен кезде ол мынандай мәселелерді орындаиды:

- алынған информациины білім корында сакталған информайямен салыстырады;
- негізгі максатты не себептік байланыстарды іздейді;
- әр факт үшін берілген сенім коэффиценттерін негізге ала отырып, фактілердің салыстырмалы аныктылығын бағалайды.

Осылардың негізінде шығару маниасы сараптаушы адам сияқты қорытынды дайындаиды.

